



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 06 (1321) 24-маусым, 2003 жыл



Газет 1948
жылдың 20
сәуірінен шыға
бастады

Универсиада



Кубокты тапсыру сәті

Спорт - тіршіліктің жаны. Себебі, тіршілік пен күнделікті қам-қарекетіміздің, отбасы-ошақ қасындағы, қоғамдық орындардағы жұмысымыздың негізі денсаулыққа келіп тіреледі. Тіпті, ақыл-ой еңбегін қажет ететін жұмыстардың өзін мықты денсаулықсыз ойдағыдай орындап, жүзеге асыру мүмкін емес. Демек, денсаулық - өмір тірегі. Ал, денсаулықтың мықты болып, жақсаруы - адамның өз қолында. Оның кілті - спорт. Сондықтан да спортты тіршіліктің жаны, денсаулықты жақсартудың кілті деп тегін атамаймыз.

ҚазҰУ - ЧЕМПИОН!

Тіпті, Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі "Қазақстан-2030" Жолдауында басты көңіл бөлетін мәселелердің бірі ретінде салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру керектігін атап көрсетеді. Бұл дегеніміз өркениетті қоғамда өмір сүретін әр адамның міндеті, басты белгісі - оның денсаулығының мықтылығы, жаны мен тәнінің саулығы деген сөз. Олай болса, денсаулықпен қатар спортқа мән беру, оны дағдыға айналдыру маңызды. Осы орайда Президент бағдары да көрегендіктің бір белгісі ретінде танылмақ.

Спорт пен салауатты өмір сүру салтын қалыптастыруды ерекше қолға алып, оны насихаттау жұмыстарын жүргізу, әсіресе, жастар арасында, жастарға білім мен тәрбие беретін білім мекемелерінің ошақтарында жүзеге асырылуы тиіс.

Осындай шаралардың біріне республикадағы дене шынықтыру факультеттері жоқ жоғары оқу орындары арасында өткен ІІ Республикалық универсиада, яғни әр түрлі спорт түрлері бойынша университеттер арасында өткен жарысты айтуға болады. Аталған жарыс сәуір айынан басталып, маусым айының ортасына дейін жалғасты. Республикалық универсиадада спорттың 18 түрі бойынша жарыстар өтті.

Ең қуанарлығы, осы бәсекеде университеттер арасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

жалпы командалық есепте 2045 ұпай жинап, бірінші орынды иемденіп, чемпион атанды. ҚазҰУ өзін спорт саласындағы жетістіктерімен де көрсетіп, республикадағы №1 университет екендігін тағы дәлелдей алды. 2-ші орынды 1776,5 ұпаймен М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы, 3-ші орынды 1477 ұпаймен Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті жеңіп алды.

Университетіміздің бұл жетістігіне құрама командалар үлкен үлес қосты. Мысалы:

- үстел теннисінен 2-ші орын. Бапкері - К.Жаркешев;

- шахматтан 2-ші орын. Бапкері - А.А.Носков;

- бадминтоннан 3-ші орын. Бапкері - Ж.Дәулетөлиев;

- волейболдан 3-ші орын (әйелдер арасында). Бапкері - В.А.Вафина;

- дзю-до күресінен 3-ші орын. Бапкері - В.И.Якуба.

Универсиадада төмендегі студенттер чемпион атанды:

1. Сергеева М. - механика-математика факультетінің 3-ші курс студенті (шахмат);


2. Леонова М. - журналистика факультетінің 2-ші курс студенті (шахмат);

3. Святковский А. - география факультетінің 1-ші курс студенті (еркін күрес);

4. Хатиб А. - халықаралық қатынастар факультетінің 1-ші курс студенті (дзю-до күресі);

5. Ерещенко Р. - магистратураның 1-ші курс студенті (жеңіл атлетика);

6. Кердот С. - философия және саясаттану факультетінің 1-



Біздің жеңімпаздар

ші курс студенті (жеңіл атлетика);

7. Павриленко Е. - тарих факультетінің 1-ші курс студенті (бокс).

Әр түрлі спорт түрлері бойынша 35 студент жұлдегер атанды. Универсиада чемпионы болуға байланысты университетіміздің ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі атынан мақтау қағазымен марапатталып, Кубок табыс етілді.

Ербол ӘБДІРӘСІЛОВ

Баспалдақ - 2003

Медеу шатқалындағы жарыс



"Баспалдақ-2003" спорттық-сауықтыру жарысының ұйымдастырушылары - Алматы қалалық денешынықтыру мен спорт комитеті, "Вечерний Алматы" газетінің редакциясы мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Спорттық-сауықтыру жарысы 2001-2005 жылдары қалалық денешынықтыру мен спортты дамыту бағдарламасын жүзеге асыру, денешынықтырумен белсенді түрде айналысып, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткізіліп отыр.

Жарыс бағдарламасына сәйкес жарысқа қатысушылар 200, 300, 500 метр қашықтыққа және 841 баспалдақпен жүгірді. Ауған соғысының ардагерлеріне, шетелдік қатысушылар мен мүгедек жандарға арналған арнайы спорт түрлері де ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, спорттың армрестлинг, гирь көтеру (балалар мен үлкендер арасында), командалық ауыр жүк көтеру түрлерінен жарыс өткізілді. "Тымақ уру", "Президент", "Батыр", "Робин гуд", "Сағат" сияқты спорттық ойындар ойналды.

Жарысқа 12 мен 50 жас аралығындағы барлық адамдар, отбасылық командалар, Ауған соғысының ардагерлері қатысты.

Айта кетерлігі - ұйымдастырушылар арасында болған қашықтыққа жүгіру жарысында университетіміздің ректоры Т.Ә.Қожамқұлов 1 орынды, университетіміздің Бірінші

проректоры З.А.Мансұров 2 орынды иемденіп, өзгелерге үлгі боларлық ширақтық көрсетті.

Сондай-ақ, жүгіру жарысына байланысты мынандай жетістіктерді де айта кеткен жөн. Айталық, ерлер арасында 300 метрге жүгіру жарысында 1 орынды химия факультетінің 1 курс студенті Вервейкин Павел, 2 орынды экономика және бизнес факультетінің 2 курс студенті Мамраев Ғалым, 3 орынды философия және саясаттану факультетінің 2 курс студенті Назарбеков Қайсар иеленді. Ал қыздар арасында осы қашықтыққа жүгіруден 1 орынды биология факультетінің 2 курс студенті Перфильева Настя, 2 орынды филология факультетінің 2 курс студенті Светқұлова Гауһар, 3 орынды биология факультетінің 2 курс студенті Перфильева Юлия жеңіп алды.

Жарыс жеңімпаздары арнайы сыйлықтармен, мақтау қағаздарымен марапатталды. Ең жас жеңімпаздар мен ардагерлер ерекше сыйлықтарға ие болды.

Б. САРЫБАЙ



БҮГІНГІ

70 ЖЫЛДЫҚҚА
ДАЙЫНДЫҚ
ҚЫЗУ ЖҮРУДЕ



3-бет



ДЕНСАУЛЫҚ -
БІРІНШІ
БАЙЛЫҚ

3-бет



БУДУЩИМ
СТУДЕНТАМ ЛУЧШЕГО
ВУЗА РЕСПУБЛИКИ

4-стр.



Қос талант
қанат қақты

6-бет

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

2003 жылғы 27 мамыр күні әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми Кеңес мәжілісі болып өтті. Мәжілісте Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Н.О.Омашев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тәрбие жұмыстарының қорытындылары жөнінде баяндама жасап, әскери дайындық кафедрасы бастығының міндетін атқарушы В.В.Поморцевтың студенттер мен запастағы офицерлердің әскери дайындығы туралы хабарламасы, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар бойынша Ғылыми Кеңес сараптама комиссиясының төрағалары Ж.Ә.Әубәкіров пен А.Б.Бигалиевтің есептері тыңдалды.

Сондай-ақ, филология факультеті бойынша әдебиет теориясы кафедрасын — әдебиет теориясы мен халық ауыз әдебиеті кафедрасы деп, заң факультеті бойынша қылмыстық іс жүргізу кафедрасын — сот билігі және қылмыстық іс жүргізу кафедрасы деп атау жөнінде, тарих факультетіндегі аудиториялардың біріне М.Қ.Қозыбаевтың, заң факультетіндегі аудиториялардың біріне А.М.Мамытовтың есімдерін беру туралы мәселелер қаралды.

Бұдан басқа мәжілісте механика және математика факультетінің құрылымына өзгеріс енгізу жөнінде факультет деканы М.К.Орынхановтың, шетел азаматтарын дайындық факультетінде оқыту тиімділігін арттыру жөнінде комиссия төрағасы М.М.Бүркітбаевтың, шығыс тілдерін оқыту тиімділігін арттыру жөнінде комиссия төрағасы Э.Д.Сүлейменованың, 2003-2004 оқу жылында жұмыс жоспарларын бекіту жөнінде әдістемелік бөлім бастығы Б.Х.Сейітовтің ақпараттары тыңдалды.

РЕКТОРАТ

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2003 жылғы 6 қыркүйек күнгі Ректорат мәжілісінде Біліктілікті жетілдіру институтының директоры С.Т.Төлеухановтың институт жұмысы жөніндегі, оқу-әдістеме басқармасының бастығы Б.Х.Сейітовтің ғылымның жаңа бағыттары мен халықаралық білім беру кеңістігі интеграциясын ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына өзгерістер енгізу туралы, Жалпы және өндірістік-шаруашылық мәселелері жөніндегі проректор С.Т.Шалғымбаевтың университетте ақылы қызмет көрсету мәселелері жөніндегі, Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Ж.Д.Дәдебаевтың жаңа оқу жылына дайындық жөніндегі және университеттің бас ғалым хатшысы Л.В.Екшембевааның 2003-2004 оқу жылына арнаған Ректораттың жұмыс жоспарын бекіту туралы ақпараттары тыңдалды.

Мерейтой

ТІЛ ТЕОРЕТИГІНЕ АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ

2003 жылғы 18-19 маусымда филология факультетінде белгілі тілші-ғалым Сәрсен Аманжоловтың туғанына 100 жыл толу құрметіне орай “С.Аманжолов және қазақ тілі теориясының мәселелері” атты республикалық ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Конференция жұмысын университетіміздің Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры А.И.Купчишин сөз сөйлеп ашып, конференцияға қатысушыларға сәттілік тіледі. Бұдан әрі конференцияның пленарлық мәжілісінде академик, мерейтой иесінің көзін көрген ғалым З.Қабдолов, тілшінің шәкірттері, белгілі тілші-ғалымдар Аққал Қалыбаева, Ф.Қалиұлы естеліктер айтты.



Сондай-ақ, филология факультетінің деканы, профессор Қ.Әб-дәулі, қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, профессор Г.Н.Смағұлова, жалпы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, профессор Э.Д.Сүлейменова, профессорлар Б.Момынова, Т.Сайрамбаев баяндама жасап, белгілі ғалымның ғылыми еңбектерінің маңызы, көз көргендері ғалымның жеке адамгершілік қасиеттері туралы өз пікірлерін жастарға, конференцияға қатысушы ғалымдарға баяндап берді. Конференцияға ғалымның ұлдары мен қыздары, немерелері де келіп қатысып, баба рухына бас иді. Сондай-ақ, пленарлық мәжілісте ғалымның ұлы, белгілі ғалым, профессор Алтай Аманжолов сөз сөйлеп, әкесі туралы, оның өз ұрпағын ғылымға баулу жолындағы және тіл ғылымына сіңірген еңбегі жөнінде естеліктерін айтты.

Қазақтың ұлт мәдениетін зерттеу институтының (1934-1936) тұңғыш директоры, Одақтық Ғылым академиясының Қазақ филиалында тіл мен әдебиет секторының меңгерушісі (1937-1942), Қазақтың

Абай атындағы педагогикалық институттарында қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі (1937-1958), республикалық ғылым академиясының мүше-корреспонденті, филология ғылымының докторы, профессор С.А.Аманжолов бірталай өмір өткелдерін бастан кешірді, Ұлы Отан соғысына қатысты. Ол қазақ тілі білімінің негізін салушылардың бірі, аса көрнекті лингвист ғалым, қоғам қайраткері, шәкіртті көп дайындаған айтулы ұстаз еді.

Ғалым қазақ тілі білімінің қалыптасып, дамуына аса зор үлес қосты. Ол сауатсыздықты жоюға бағытталған оқу құралдарынан бастап, отызыншы жылдары қазақ орта мектептері үшін қазақ тілінің алғашқы бағдарламаларын жасап, қалыптастыра отырып оқулықтарын, жоғары оқу орындарына арналған тұңғыш қазақ тілі оқулығын жазды.

Орыс графикасына (кириллицаға) негізделіп, қолданылып жүрген қазіргі қазақ жазуын да С.Аманжолов жасап, ол 1940 жылдың қарашасында республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында қабылданды. Бұл өзге түркі халықтары жазуларының

ішіндегі ең үлгілі де ұтымдысы болып саналады.

С.Аманжоловтың грамматика саласындағы үлкен еңбегі — “Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқа курсы” (1940), кейін қайта жазып, өңдеп толықтырған “Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы” кітабы (1950, 1944) қазақ ғылыми синтаксисінің негізін қалады. Бұл 1954 жылға дейінгі қазақ тілі синтаксисінің ғылыми курсынан бірден-бір тұңғыш оқулық еді.

Ғалым елімізбен қатар шетелдерде де кеңінен танымал болған “Вопросы диалектологии и истории казахского языка” атты сүбелі еңбегі (1959) арқылы қазақ тілінің сипаттама диалектологиясы мен тарихи диалектологиясының негізін салды. Қазақ тілі білімі саласында оның өшпейтін ізі, артында ісін жалғастырушы көптеген шәкірттері, ғылыми мектебі қалды.

Конференция соңында түрлі секциялар жұмыс істеп, ғалымдар мен ізденушілер тіл білімінің өзекті мәселелерін талқылады.

МЫРҚАСЫМНАН Ербол

Қамқорлық

Зілзала аймағына көмек көрсеттік

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы Жамбыл облысының Т.Рысқұлов ауданында зілзаладан зардап шеккен адамдардың басындағы қиыншылықтарды терең сезіне отырып, оған өз көмектерін беруге өзін екендіктерін көрсетті. Табиғи апаттан кейінгі жағдайдың қиындығына байланысты, жер сілкінісінің зардабын жойып, оқу орындарын қайта қалпына келтіру мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері бір күндік еңбекқайыларын Жамбыл облысындағы жер сілкінісіне душар болған халыққа көмек ретінде аударуға бірауыздан шешім қабылдады.

Зілзала аймағына мұның өзі үлкен демеу болатындығын да айта кету керек. Кейбір мөлiмeттерге жүгiнсек, бұл аймақта ауылдық жерлер үлкен зардап шегіп, халықтың көпшілігінің тұрғын үйлері жарамсыз болып қалған көрінеді. Сондай-ақ, мектептер мен ауруханалар, әр түрлі мемлекеттік мекемелердің ғимараттары да қайта салуды және күрделі жөндеуді қажет етеді екен. Тіпті, жер асты дүмпуіне байланысты ауызсу мәселесі, медициналық көмек көрсетудің өзі бұл аймақта қазіргі кезде үлкен мәселеге айналып отыр. Өйткені, ауыз су жер асты қыртыстарының сілкінуіне орай өзгерістерге ұшыраған тәрізді. Ауылдық жердегі халықтың негізгі айналысатыны — мал шаруашылығы екені көпшілікке мәлім. Ал мал шаруашылығымен айналысып, өзге де шаруашылық түрлерін жүргізу төтенше жағдайға байланысты үлкен қиындықтарға ұшырап отыр. Оның себебі, ірі және ұсақ малдарды ұстайтын қора-жайлардың бұзылуымен де байланысты.

Ал осындай жағдайда ҚазҰУ тарапынан көрсетіліп отырған көмек аз да болса аталған мәселелердің шешілуіне қосылған үлес болып табылады. Мұндай игі шара ел алдындағы ҚазҰУ-дың республикамызға танымал белді мекеме ретіндегі өз міндетін абыроймен орындағандығын айғақтаса керек. Аталған бастаманың басқа мекемелер мен ұжымдарға да үлгі болатындығы даусыз.

Өз тілшімізден

Түлек бұрышы

Жиырма жылдан кейінгі кездесу



Мамыр айының 7-сі күні журналистика факультетінде 1983 жылы оқуларын бітірген түлектердің жиырма жылдан кейінгі кездесуі болып өтті. Қара шаңырақ - алтын ұяларына ат басын тіреген кешегі студенттер - бүгінгі тәжірибелі маман, қаламы қарымды журналист, ардақты әке, аяулы аналар. Жиырма жыл оларды өбден сынапты, араларында жазушы мен журналист, суретші де бар. Қысқасы, ерқайсысы өмірден өз орындарын тауып, кірпіш дүниенің кетігіне қалғанғандары анық. Жиырма жыл аз уақыт емес. Кездесуде алғашқы болып сөз алған курстың кураторы Турымтай апайдың естеліктері өткенді қайта жаңғыртқандай болды. Оқып жүрген кездегі ерқайсысының аты-жөнін атап, тексеруі де студенттік кезеңге қайта айналып соққандай әсер қалдырғаны шындық. Өзіл-қалжығы аралас, сағыныштың лебі есетін түлектердің әңгімесі қазір университет қабырғасында оқып жүрген

Зымырап өтіп жатқан уақыттың тізгінін ешкім де тарта алмайды. Бүгінгі күні бағасын білмей жүрген қолындағыны ертең аңсайтын боласың. Сондай сағынышпен еске алатын кездің ең мәндісі мен тәттісі студенттік шақ болса керек.

студенттерді де ойға қалдырды. Екі топтың старостасынан бастап, бірнеше ағамыз студенттік кезеңнің қызықты сәттерінен сыр шертті, ұстаздарын еске алысты. Қолдары жеткен табыстарымен таныстырды, туындыларын көрсетті, олең оқыды.

Жарасымды кештің шырайын журналистика факультетінің өнерлі студенттері дайындаған концерттік бағдарлама аша түсті. Соңында өздері білім алған ордаға түлектер ескерткіш ұсыныса, журналистика факультетінің бүгінгі ұжымы да олардың ерқайсысына естелік сыйлықтар табыс етті. Факультет деканы Б.Жақып қонақ болып келген түлектерге алғыс білдіріп, қадамдарына сәттілік тіледі.

Жиырма жылдық кездесуді ұйымдастырушылар қолға алынған болатын. Бұл шараның жыл сайын өтетініне сенім мол. Жақсы іс жалғасын таба бергей!

Торғын ТҮРЛЫБАЕВА

Читательская конференция

Шедевр мировой литературы

Недавно на филологическом факультете КазНУ им. аль-Фараби состоялась читательская конференция, которая была посвящена обсуждению книги-диалога Ч. Айтматова и М. Шаханова “Плач охотника над пропастью (Исповедь на исходе века)”.

В работе конференции приняли участие доцент кафедры общей и этнической педагогики С.Д. Есенжолова, кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры теории литературы и фольклористики А.Б. Темирболатова, старший преподаватель кафедры теории художественного перевода и литературного перевода Л.Д. Мусалы и другие преподаватели, сотрудники библиотеки, студенты КазНУ и других вузов Алматы.

Благодаря этой конференции и обсуждению книги были подняты проблемы исторической памяти, нравственной деградации, а также значения слова в нашем обществе. Но самый большой отклик в аудитории нашла тема роли женщины в современном мире. На слова не скупилась даже представитель мужской половины. В итоге произошла небольшая дискуссия.

Нельзя не отметить и выставку книг Ч. Айтматова, которая проходила под девизом “Не зная своей истории — значит не иметь истории”. Эта выставка была организована главным библиографом сектора массовой работы библиотеки Назипой Сейсенбаевной Молдыбаевой. Она-то и выступила впоследствии с речью о том, какое значение имеют книги, и рассказала, какие произведения интересуют молодежь в наше время.

Два часа, которые длилась читательская конференция, пролетели незаметно. Тот, кто не читал “Плач охотника над пропастью”, решил прочесть данное произведение в обязательном порядке; тот, кто книгу уже читал, посмотрел на нее с иных позиций, открыв для себя что-то неизведанное. Действительно, эта книга оказалась настолько многогранной, что обсудить ее за один вечер было невозможно. И многие уходили с надеждой на то, что читательская конференция будет не последней в истории нашего университета, она станет первым шагом на пути постижения сокровищ мировой литературы.

Сымбат НУРМУХАМБЕТОВА

Научные контакты

История Казахстана в сфере интересов японского ученого

Недавно исторический факультет при поддержке маслихата факультета и ректората Казахского национального университета имени аль-Фараби принимал гостя из Японии Тамахику Ояма.

Он представлял “Славянский исследовательский центр” из города Саппоро. Тамахику Ояма посещает Казахстан уже не первый раз. Основной целью его визита была работа с



источниками, хранящимися в архивах города Алматы. Тамахику Ояма занимается изучением истории Казахстана второй половины XIX - начала XX вв. Основной вопрос его научной деятельности — это жизнь и творчество видного деятеля казахского народа Мыржакыпа Дулатова, его политические взгляды, влияние джадидизма на формирование личности М. Дулатова. Конечно же, обойти такой вопрос, как казахская интеллигенция, господин Ояма также не мог. Аудитория с интересом вникала во все, о чем говорил господин Ояма, и старалась задать как можно больше вопросов, на которые японский исследователь достаточно подробно отвечал. Встреча проходила в дружественной обстановке. Беседа велась на казахском и русском языках. Вопросы касались как его взглядов на историю

Казахстана изучаемого периода, так и работы самого исследовательского центра. Как рассказал Тамахику, в “Славянском исследовательском центре” есть отделение изучения Средней Азии и Казахстана. Кроме него, в центре работают еще пять или шесть человек, которые занимаются изучением истории Казахстана и сопредельных Республик. Проведение встречи с такими людьми — редкость не только на историческом факультете, но и на других факультетах. Поднятие уровня образования — это наша с вами задача. Нам просто необходимо узнавать как можно больше информации, для того чтобы быть специалистами в своем деле. Хотим поблагодарить всех, кто был задействован в проведении этой встречи, а в особенности Г.М. Рахимову.

М.К. ДЖУМАХАНОВА



Той қарсаңында

70 ЖЫЛДЫҚҚА ДАЙЫНДЫҚ ҚЫЗУ ЖҮРУДЕ

19 маусым күні сағат 15.00-де ректорат ғимаратының тоғызыншы қабатындағы мәжіліс залында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 70 жылдығына дайындық комиссиясының кезекті мәжілісі болып өтті. Мәжіліске университет басшыларымен қатар факультет декандары, бөлім жетекшілері, басқа да комиссия құрамына кіретін университет бөлімшелерінің қызметкерлері қатысты. Мәжілісті университеттің Бірінші проректоры Зұлхайыр Айтмұхаметұлы Мансұров кіріспе сөз сөйлеп ашып, университеттің 70 жылдығына дайындық туралы өзі қысқаша баяндама жасады.

- Қазақстан білімінің қара шаңырағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына келесі жылы 70 жыл толады, - деп бастады баяндамашы сөзін. - Бүгінде тойға дайындық жұмысы қызу жүруде. Университетімізде осы жылы құрылған 70-жылдыққа дайындық секторының ұйымдастыруымен біраз жұмыстар атқарылды. Қысқаша тоқталатын болсақ, жақында университетіміздің тек қана Қазақстан емес, шетелдерге аттары танымал 33 таңдаулы оқытушы-профессорларының есімі енген Қазақстан оқу ісінің үздігі М.Б.Батырбековтің редакциялық басшылығымен "Қазақстан жоғары мектебі" атты кітап шықпақшы. Мерейтойлық күнтізбе жобасы жасалып, дайындалды, 100 беттік түрлі-түсті суретті жарнамалық журнал дайындалып бітті. Енді біз бұл журналдың электрондық үлгісін жасап, компакт-дискіге жазып таратпақпыз. Ең үлкен еңбек ҚазҰУ-дың жылнамасы жазылған үш томдық энциклопедия. Бүгінде бұның бірінші томы дайын, баспаға жіберілмекші. Екінші томның да материалдары жинақталып, дайындалу үстінде. Орфографиялық жөндеу, стилистикалық түзету сияқты ұсақ-түйек жұмыстары қалды. Жаңа оқу жылына дейін, бұйырса, бұны да баспаға беріп қалармыз. Әрқайсысы 250 беттен тұратын бұл кітаптарды дайындауда қыруар жұмыстар атқарылғанын атап өткеніміз жөн. Бұл жылнаманы дайындауда университет архивінің, университет тарихы музейінің, Орталық республикалық архивтің де тигізген көмегі көп. Ғылыми кітапхана қызметкерлерінің күшімен дайындалып жатқан "ҚазҰУ – баспасөзде" атты библиографиялық көрсеткіш дайын болып қалды. Бұл библиографиялық көрсеткіште 4000-ға тарта мақалалар қамтылған.

Әлбетте, 70-жылдыққа байланысты дайындық туралы айтқан кезімізде университет құрылымдарында, факультеттерде істеліп жатқан жұмыстарды түгел қамтып

шығу мүмкін емес. Біз тек кейбіреулеріне ғана тоқтала кетейік. Бүгінгі таңда заң және тарих факультеттерінің факультет туралы жылнамалық кітаптары дайын. Сондай-ақ, 70-жылдыққа дайындық секторымен қоян-қолтық жұмыс жасап, университетіміздің келер жылдағы тойына дайындық жұмысында өзіндік үлес қосып жүрген факультет ғылыми хатшылары: физика факультетінен Ш.Б.Байқанатова, биология факультетінен А.Б.Гончарова, заң

жатқан жұмыстардың ойдағыдай екендігін, біраз шараларды өлі де жетілдіру қажеттігіне, шығарылатын кітаптардың сапасын жақсарту керектігіне, кейбір кітаптарды сериялық түрде 70 жылдық символикасымен шығару қажеттігіне тоқталды. Сондай-ақ, факультет декандарын, басқа да ұйым жетекшілерін 70-жылдықты ұйымдастыру жұмысындағы белсенділікке, фотосурет, басқа да материал жинақтауда көмектесуге шақырды. Сондай-ақ, жанашырлық, жауапкершілік көзқарас қажеттігін айтты.

Бұдан кейін сөйлеген академиктер З.Қабдолов, Я.Әубәкіров, А.Лукиянов 70-жылдыққа байланысты жүргізіліп жатқан жұмыстардың толыққандылығына, үш томдық ҚазҰУ жылнамасының соңғы кезде ҚазҰУ тарихындағы істелінген көп жұмыстардың ішіндегі ең қомақтысы, яғни баға жетпес рухани байлық екендігіне тоқталды. - Маған үш томдық жылнамамен қатар, 100 беттік жарнамалық журналдың сырты ғана емес, өсіресе, іші ұнады, - деді академик З.Қабдолов. - Мұнда тек құр суреттер, жеңіл-желпі пішін емес, ішкі мазмұнға үлкен мән берілген. Көп томдық ҚазҰУ тарихы бұл біз үшін есте қаларлық мәңгі дүние. Сондықтан бұған үлкен жауапкершілікпен қарағанымыз жөн.

Я.Әубәкіров өз сөзінде былай деді: - Көп томдық жылнама, өрине, жақсы жазылған. Мен осы кітапты оқи отырып көптеген ұстаздарымды есіме алдым. Сондай-ақ, бұрын білмейтін бірнеше есімдер мен үшін жаңалық болды. Сол себепті де шығар, жылнамалық кітаптың көтерген жүгі ауыр, ауқымы кен. Бұл салада қыруар жұмыстар істелінген. Бірақ, кейбір жерлерінде адам аттарынан қате кеткен тұстар бар, соларды түзетуіміз қажет. Болашақ



З.А.Мансұров, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Бірінші проректоры, 70 жылдықты өткізу комиссиясының төрағасы орынбасары

ұрпақ үшін біз бұл кітапты барынша жақсылап шығарып, мұра етіп қалдырғанымыз абзал.

- Өз өмірім университетпен біте қайнасып келеді. 80 жылдық ғұмырымда біраз адамдармен қызметтес болдым. Көптеген ғұламалардың көзін көрдім. Сондықтан да ҚазҰУ жылнамасына кірген ұстаз-ғалымдар өмірбаянын өз естеліктерімен толықтыруға көмегім аяусыз, - деді академик А.Лукиянов.

Факультет декандары да 70 жылдыққа байланысты өз ойларын ортаға сала келіп, факультеттер шығаратын жылнамалық кітаптың университет бойынша жалпы бір қалыпқа түсіру керектігін айтты. Сондай-ақ, шығарылатын басқа да кітаптар мен буклеттердің көлемін бекіту, редакциялық жұмысын атқару, орталықтандырылу қажеттігіне не болмаса кітап тағдырын комиссияның құзырына беру керектігіне тоқталды.

Сонымен, Қазақ ұлттық университетінің 70 жылдығын өткізуге байланысты комиссияның мәжілісін Бірінші проректор З.А.Мансұров қорытындылап, алдағы атқарылар жұмыстарға байланысты межелер белгіледі. Мәжіліс соңында қарар қабылданды.

**А.ЖҰМАБАЕВА,
А.БИСЕМБАЕВА,
70 жылдыққа дайындық секторы қызметкерлері**



Жарнамалық журнал мұқабасы

Маған үш томдық жылнамамен қатар, 100 беттік жарнамалық журналдың сырты ғана емес, өсіресе, іші ұнады, - деді академик З.Қабдолов. - Мұнда тек құр суреттер, жеңіл-желпі пішін емес, ішкі мазмұнға үлкен мән берілген. Көп томдық ҚазҰУ тарихы бұл біз үшін есте қаларлық мәңгі дүние. Сондықтан бұған үлкен жауапкершілікпен қарағанымыз жөн.

факультетінен Ш.Сыздықова, математика факультетінен А.Т.Садықовалардың және филология факультетінің кафедра меңгерушісі Н.И.Гайнуллинаның жақсы жұмыстарын атап өтуге тұрарлық.

Ұлттық университетіміздің 70 жылдық тойын өткізу, оған дайындық шаралары бір адамның ғана жұмысы емес, оған көп болып атсалысуымыз керек. ҚазҰУ-ды мақтаныш тұтатын әр факультет, әр мұғалім, әр студент шын жанашырлық сезіммен, үлкен жауапкершілікпен қарағандары жөн. Сондықтан да көп болып көтерген жұмыс жеңіл болады.

Бұдан кейін баяндамаға байланысты Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Н.О.Омашев, Оқу ісі жөніндегі проректор Ж.Д.Дәдебаев 70 жылдыққа байланысты жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстары туралы сөз қылды. Н.Омашев бұл салада істеліп

орынды механика-математика факультеті иеленді. Спорттың жеке түрлерінен: волейболдан 1 орынды механика-математика факультеті, 2 орынды физика факультеті, 3 орынды жағрафия факультеті; бадминтоннан 1 орынды химия факультеті, 2 орынды журналистика факультеті, 3 орынды физика факультеті; шағын футболдан 1 орынды халықаралық қатынастар факультеті, 2 орынды химия факультеті, 3 орынды физика факультеті; шахматтан 1 орынды физика факультеті, 2 орынды механика-математика факультеті, 3 орынды экономика және бизнес факультеті еншіледі.

Жарыстың жалпы қорытындысы бойынша 1 орынды жеңіп алған физика факультетінің құрама командасына ҚазҰУ ректорының ауыспалы Кубогы мен факультет деканы А.С.Асқароваға команданы ұйымдастырып,

генше көмегімізді аяған емеспіз. Биылғы жылы да университет басшылығы мен "Парасат" кәсіподағының ұйымдастыруымен 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай ҚазҰУ-дың профессор-оқытушылар құрамының, қызметкерлері мен аспиранттарының балалары арасында шахматтан олимпиада өткізілді. Олимпиаданың жас жеңімпаздарына мақтау қағаздары мен төтті сыйлықтар табыс етілді. Сонымен қатар, 25 маусым күні ҚазҰУ-дың балаларға арналған "Болашақ" (бұрынғы Восток-3) лагерінің ресми ашылу салтанаты өтпекші. Университет басшылығымен бірігіп он жылдан бері жұмысын тоқтатқан лагерьді іске қосуға барымызды салдық. Көктем шыға салысымен жөндеу жұмыстарын бастап, ҚазҰУ қызметкерлерінің арасында апта сайын жексенбіліктер ұйымдастырдық, оларға алғысымыз шексіз. Міне, соның жемісін балаларымыз көрмекші. Жалғызбасты және көп балалы аналардың балаларына жеңілдіктер қарастырылған.

Тағы бір айта кететін жайт – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ университет басшылығының, өсіресе, ректор Т.Ә.Қожамқұловтың қолдауымен Қаскелендегі көмекші мектеп-интернаттын өз қамқорлығына алған. "Жетім көрсен, жебей жүр" деген, жыл сайын оларға балалар күнінде, Жаңа жыл мерекесінде, басқа да түрлі мейрамдарда "Парасат" кәсіподағы атынан азық-түлік, сыйлықтар мен киім-кешектер, кітаптар апарып қайтамыз. Осыған орай Қаскелендегі көмекші балалар интернатының әкімшілігі университет ректорының атына үнемі алғыс хаттарын жолдап отырады.

- Өңгімеңізге рахмет! Болашақтағы жұмыстарыңызға да жемістер тілейміз!

Ғалия АҚСЕЙІТ

Ректор кубогы

26-31 мамыр аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тұңғыш рет "ҚазҰУ ректорының Кубогына" факультетаралық спартакиада болып өтті.

"ҚазҰУ ректорының Кубогын" Қазақстан Республикасында 2001-2005 жылдар аралығында денешынықтыру мен спортты дамыту мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында университет басшылығы мен "Парасат" кәсіподағы ұйымдастырды. Ашылу салтанатына университетіміздің Бірінші проректоры

З.А.Мансұров, Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор А.И.Купчишин, Жалпы және өндірістік-шаруашылық жұмыстар жөніндегі проректор С.Т.Шалғымбаев, Алматы кәсіподақтар одағының төрағасы Мырзағали Молдахмет қатысып, спорт алаңындағы бәсекелестердің барлығына жеңіс тіледі. 14 факультеттің командалары қатысқан жарыс барлық талаптарға сай жоғарғы деңгейде өтті. Осыған орай "Парасат" кәсіподағының төрайымы Мұқашева Мәншүк Тынышқалиқызымен сұхбаттасқан едік.



ДЕНСАУЛЫҚ – БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

- Мәншүк Тынышқалиқызы, университетімізде тұңғыш рет өткізіліп отырған "Ректор Кубогының" маңызы туралы айтсаңыз?

- "Ректор Кубогы" үшін жарыс университеттің 70 жылдық мерейтойына арналып өткізіліп отыр. Университет басшыларының бұл бастамасы ҚазҰУ қызметкерлері арасында зор қолдауға ие болғандықтан жыл сайын дәстүрлі түрде өткізуді қолға алмақшымыз.

Спартакиаданың мақсаты – университет студенттері, магистранттары, аспиранттары, қызметкерлері мен оқытушыларын салауатты өмір салтына баулу болып табылады. Жарыс университеттегі денешынықтыру мен спортты дамытып, ҚазҰУ-дың профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қауымы арасында денешынықтыру-сауықтыру және спорттық-көпшілік жұмыстарды жандандыруды көздеген. Ол мақсатымызға жеткен сияқтымыз. Себебі, аталмыш жарысқа барлық факультеттер зор белсенділікпен қатысқандығын атап өткім келеді.

- Жарыс спорттың қай түрлерінен өтті? Гуманитарлық және жаратылыстану факультеттерінің арасында қайсысы спортқа бейім-



діліктерін байқата білді?

- Жарыс спорттың бес түрінен өтті. Олар – мини-футбол, шахмат, волейбол, үстел теннисі, бадминтон. Спартакиадаға ҚазҰУ-дың 14 факультетінің құрама командалары қатысты. Бір қызығы, солардың ішінде жаратылыстану факультетінің командалары үнемі алға шығып, спортқа бейім екендіктерін байқатты. Олай дейтініміз – жарыс қорытындысы бойынша 1 орынды физика факультеті, 2 орынды химия факультеті, 3

жеңіске жетуге қосқан үлесі үшін орташа бір айлық жалақы көлемінде ақшалай сыйлық, студенттердің би кешін өткізуге арналған музыкалық құрал-жабдықтар кешені, мақтау қағазы табыс етілді. Екінші орынды иеленген химия факультетіне (деканы Ж.А.Әбілов) диплом мен түрлі-түсті теледидар, үшінші орынды иеленген механика-математика факультетінің (деканы М.К.Орынханов) командасына диплом мен музыка орталығы сияқты бағалы сыйлықтар тарту етілді. Сонымен қоса, "Парасат" кәсіподағы спартакиадаға қатысқан әр командаға факультеттің аты жазылған спорттық киімдер дайындаған болатын.

- "Парасат" кәсіподағы университет қызметкерлеріне ғана емес, олардың балалаларына да зор қамқорлықтар көрсетіп жүргенін білеміз...

- Иә, қызметкерлердің балаларына, Қаскелендегі жетім балалар үйіне қолымыздан кел-



Физика факультетінің жеңімпаз командасы



20 июня 2003 года начался прием заявлений в высшие учебные заведения, который продлится по 15 июля. Славная история Казахского национального университета им. аль-Фараби свидетельствует о том, что со дня основания в 1934 году наш вуз сформировался как университет классического типа. В списке немногих вузов Республики Казахстан, имеющих статус национальных высших учебных заведений, КазНУ занимает первое место. Мы встретились с ответственным секретарем Приемной комиссии Булатом Ментаевичем Мухамедиевым, и он рассказал о правилах приема абитуриентов, желающих поступить в наш университет.

Прежде всего, надо отметить, что Правила приема в Казахский национальный университет составлены в соответствии с Типовыми правилами приема в высшие учебные заведения Республики Казахстан. В КазНУ им. аль-Фараби принимаются граждане Республики Казахстан, иностранные граждане и лица без гражданства, имеющие среднее общее, начальное профессиональное, среднее профессиональное и высшее профессиональное образование.

Студентами КазНУ станут абитуриенты, которые по результатам тестирования получат государственные образовательные гранты и государственные образовательные кредиты, а также граждане, оплатившие обучение за счет собственных средств и иных источников.

Учащиеся, награжденные знаком "Алтын белгі", имеют право на получение государственных образовательных грантов и принимаются в КазНУ без прохождения комплексного тестирования. Также этим правом обладают победители республиканских и международных олимпиад и научных соревнований по общеобразовательным предметам (награжденные дипломами I, II, III степени) текущего года, если выбранная ими специальность соответствует предмету олимпиады, научного конкурса, по которому они являются победителями. В этом году из 238 тысяч выпускников средних школ (а это в 2 раза больше, чем в прошлом году) 206 награждены знаком "Алтын белгі", 66 – победители научных проектов, 211 – победители Республиканской олимпиады школьников по различным предметам: 37 имеют диплом I степени, 64 – диплом II степени, 110 – диплом III степени.

В этом году КазНУ им. аль-Фараби принимает студентов на следующие факультеты: механико-математический, физический, биологический, химический, географический, филологический, исторический, юридический, факультет журналистики, факультет востоковедения, факультет философии и политологии, факультет международных отношений, факультет экономики и бизнеса. На всех факультетах есть пятилетнее и четырехлетнее (бакалавриат) обучение. После бакалавриата обучение можно продолжить в двухгодичной магистратуре.

Заявления абитуриентов принимаются по



15 июля, комплексное тестирование абитуриентов проводится с 28 июля по 2 августа 2003 г. Прием заявлений на специальность "Журналистика" заканчивается 4 июля, творческие экзамены проводятся с 5 по 10 июля.

Комплексное тестирование абитуриент проходит по четырем предметам на казахском или на русском языке по собственному желанию. Тестовые задания не выходят за рамки учебных школьных программ. Обязательными предметами являются казахский или русский язык, история Казахстана и математика (для специальности "Журналистика" обязательными являются казахский или русский язык и история Казахстана), а четвертый и профильный предмет определяется в зависимости от выбранной абитуриентом специальности.

Хотелось бы подробнее остановиться на условиях творческого тура для будущих журналистов. В этом году, в соответствии с Положением "О творческом экзамене", введено 2 творческих экзамена, письменный и устный, по каждому можно получить до 30 баллов. Первый экзамен – сочинение, длительность – 3 часа. Оцениваются журналистские навыки раскрытия темы, язык работы, стиль изложения. На устном экзамене Комиссия учитывает наличие публикаций, радио- и телематериалов, уровень представления о журналистике и деятельности средств массовой информации, оценивает умение излагать свои мысли, богатство и выразительность языка, культура речи, обращает внимание на дикцию. Абитуриенты, получившие менее 10 баллов по творческому экзамену, к тестированию по данной специальности не допускаются, но они могут до 15 июля сдать документы на другую специальность.

Количество тестовых заданий по каждому предмету – 30. Правильный ответ на каждое тестовое задание оценивается одним баллом. Минимальное количество баллов, необходимое для зачисления в число студентов, составляет 40 баллов; не разрешается прием на платное обучение при

На комплексное тестирование отводится 3 астрономических часа. Коды правильных ответов вывешиваются сразу после окончания сканирования листов ответов, которое проводится после тестирования.

наличии менее 40 баллов.

На комплексное тестирование отводится 3 астрономических часа. Коды правильных ответов вывешиваются сразу после окончания сканирования листов ответов, которое проводится после тестирования.

В этом году КазНУ им. аль-Фараби принимает документы для участия в тестировании только на те специальности, по которым ведется обучение в нашем университете.

Для участия в тестировании в приемную комиссию КазНУ подаются следующие документы:

- заявление на специальном бланке;
- аттестат или диплом об окончании учебного заведения (подлинник);
- две фотокарточки 3x4;
- копия удостоверения личности. В случае если абитуриент не достиг 16 лет, он должен предъявить справку из школы с фотографией и свидетельство о рождении;
- документ, дающий право на льготы (если имеется);
- квитанцию об оплате за проведение

тестирования.

Лица, имеющие инвалидность первой и второй групп, а также инвалиды с детства предоставляют в приемную комиссию заключение медико-социальной экспертной комиссии (МСЭК) об отсутствии противопоказаний для обучения по выбранной специальности.

На комплексное тестирование допускают при наличии удостоверения личности (паспорт) и пропуска на экзамен, который выдается абитуриенту после приема документов приемной комиссией.

Абитуриент имеет право указать в заявлении три специальности для участия в конкурсе на получение государственного образовательного гранта или государственного образовательного кредита.

Результаты комплексного тестирования объявляются комиссией в день его

проведения, затем в течение трех дней можно получить государственный сертификат установленного образца.

Если абитуриент не согласен с результатами комплексного тестирования, он имеет право до 13 часов следующего дня после объявления результатов тестирования подать заявление в апелляционную комиссию, которое будет рассмотрено в течение суток.

При зачислении в случае одинаковых показателей баллов преимущественное право на присуждение государственных образовательных грантов или кредитов имеют дети-сироты, дети, оставшиеся без попечения родителей, инвалиды первой и второй групп, инвалиды с детства, обладатели аттестатов с отличием, затем имеющие наиболее высокий средний балл аттестата или диплома, далее имеющие наиболее высокий балл по профильному предмету тестирования.

Также в КазНУ им. аль-Фараби до 15 сентября осуществляется прием заявлений на платное отделение заочной формы обучения, комплексное тестирование будущих заочников проводится с 20 по 25 сентября 2003г.

При приемной комиссии университета работают подготовительные курсы, по расписанию будут проводиться консультации по всем предметам тестирования, на которых наши высококвалифицированные преподаватели ответят на все вопросы, касающиеся содержания тестовых заданий или практики тестирования.

Лето – горячая пора для выпускников не только школ, но и вузов: КазНУ им. аль-Фараби осуществляет прием в магистратуру по всем направлениям подготовки и специальностям. Двери нашего университета открыты для желающих продолжить образование на всех уровнях.

Записала Найля САДЫКОВА

Служба занятости

Наши выпускники на рынке труда

Положение молодежи на рынке труда в республике Казахстан вызывает серьезную тревогу и беспокойство. Удельный вес молодежи среди безработных имеет тенденцию к увеличению из года в год. Сказывается низкая эффективность центров занятости, отсутствие законодательных актов о гарантированном трудоустройстве специалистов-выпускников.

Руководству Казахского национального университета небезразлична проблема трудоустройства выпускников. Для организации распределения студентов с учетом их специальности, места проживания родителей и потребности работодателей функционирует структурное подразделение КазНУ – отдел профориентационной работы и занятости.

Для качественного и эффективного трудоустройства выпускников отдел проводит работу по изучению рынка выпускников и оценке возможности КазНУ по удовлетворению его требований на основе анализа и прогноза конъюнктуры рынка, анализа контингента и групп потребителей.

С целью выявления потребностей в специалистах, заканчивающих обучение в КазНУ им. аль-Фараби отдел устанавливает связь с Министерствами и ведомствами, с конкретными предприятиями и учреждениями, вузами, колледжами, лицеями и отдельными школами.

На II съезде работников образования и науки Президент РК Н.А. Назарбаев отметил, что нужны принципиально новые подходы к проблеме трудоустройства выпускников вузов, обучающихся по государственному заказу. В связи с этим, отделом профориентационной работы и занятости было предпринято следующее:

■ Для трудоустройства выпускников, родители которых проживают за пределами Алматы и Алматинской области, во все акиматы рассылаются запросы о возможности принятия на работу этих выпускников. Руководство областей, как правило, оказывает содействие в трудоустройстве выпускников, проживающих в их области.

■ Кроме того, отделом используются следующие современные технологии: по электронной почте рассылаются рекламные письма с указанием специальностей и специализаций, по которым ведется подготовка в КазНУ. Следует отметить, что в настоящее время электронные адреса в INTERNET

имеют не только НИИ, ведущие компании, но и вузы, колледжи и даже отдельные школы. Поэтому такой вид сотрудничества представляется целесообразным и перспективным.

■ В связи со сложившейся ситуацией и существующей проблемой трудоустройства выпускников не только бакалавриата и магистратуры, но и аспирантуры отделом разработана система трудоустройства через Интернет. Система Интернет позволяет проводить мониторинг ресурсов вакансий и отслеживать ситуацию, складывающуюся на рынке труда, проводить социологические исследования в области трудоустройства. Разработанная виртуальная база данных по выпускникам университета содержит резюме претендентов на трудоустройство с подробным описанием их интересов и научной деятельности, а также электронную фотографию. Система виртуальных анкет облегчает процесс подбора кадров для работодателя и увеличивает вероятность трудоустройства выпускников.

На основе результатов, полученных в ходе маркетинговых исследований, ежегодно в мае-июне проводится государственное распределение бакалавров и магистров всех факультетов в соответствии с местом жительства каждого выпускника и реальными запросами потребителей. Для проведения государственного распределения создается комиссия

по распределению. В процедуре распределения принимают участие представители заказчиков.

Отделом в течение года организуются встречи выпускников с представителями различных организаций-заказчиков. Отдел поддерживает тесные взаимоотношения с крупнейшими всемирно известными компаниями, такими, как Тенгиз-Шевроил, Филип-Моррис, Аджип ККО и другими, а также с городскими и республиканскими кадровыми агентствами.

В результате целенаправленной работы отдела профориентационной работы и занятости совместно с факультетами трудоустройство выпускников первой и второй ступеней образования за последние три года составляет: бакалавриата – 88-92%; магистратуры – 89-95%.

Наиболее востребованными в этом году оказались выпускники факультетов журналистики, химического, филологического, физического, механико-математического, географического и факультета философии и политологии.

В течение двух месяцев с начала учебного года отдел совместно с факультетами устанавливает связь с каждым выпускником по факту прибытия на место распределения.

На основе данных о прибытии специалистов делается вывод о степени трудоустройства по каждой специальности.



В 2002 году 16% выпускников магистратуры направлены в систему высшего образования, 38% распределены в институты МОиН РК, 39% бакалавров, окончивших I ступень образования, поступили в магистратуру. Молодые специалисты, окончившие КазНУ, работают в аппарате Президента, Министерствах РК, сотрудниками органов государственного управления, преподавателями в вузах республики, научными работниками в НИИ и научных центрах, занимают престижные должности в банках, коммерческих структурах и ведущих иностранных компаниях.

Таким образом, работа по организации распределения и трудоустройства выпускников КазНУ основывается на знаниях объективных факторов о рынке труда, реальных запросах потребителей, на правильно и своевременно сделанных выводах. Достижению этого способствует полноценно организованная информационная база и привлечение современных технологий.

О.И. ПОНОМАРЕНКО, начальник отдела

Научная экспедиция

Совместная Казахстано-Российская комплексная археологическая экспедиция Казахского национального университета им. аль-Фараби и Института археологии и этнографии Сибирского отделения РАН на протяжении 10 лет проводит свои исследования на территории Казахстана. За это время открыты и изучены десятки памятников каменного века, относящихся к эпохе палеолита, которые дают возможность говорить о самых ранних этапах заселения того или иного региона Казахстана первочеловеком. Особое место занимают среди них памятники, расположенные в пещерах и гротах.

тальными линиями. Вторая группа – круги, часто незамкнутые с линиями внутри. Третья группа – это чашевидные углубления.

Вторая зона состоит из хорошо сохранившихся фаллических фигур, переходящих друг в друга и уменьшающихся сверху вниз. Здесь же большое количество чашевидных углублений. Техника нанесения рисунков – резная, много изображений с пришлифовкой.

Третья зона представлена крупными изображениями “бобовидных” фигур сложной конфигурации (женское начало). Рисунки прорезаны с последующей пришлифовкой.

Примечательно, что фаллические фигуры и “бобовидные” имеют между собой промежуточные формы, что указывает на единство этих двух образов (мужской и женский).

Затрагивая тему семантики, еще раз подчеркнем единство композиции по организации пространства, технике и стилю исполнения.

Основными ведущими чертами данного панно являются: отсутствие реалистичных изображений, преобладание линейно-геометрических фигур, чашевидных углублений. Основная идея, отраженная в композиции, – это идея плодородия (взаимоотношения мужского и женского начал). Все остальные группы рисунков Эмбы 1 близки к рисункам основной группы центрального грота.

Вторая проблема, связанная с

Открытие первобытного искусства в Мугоджарах



● Академик РАН Деревянко А.П., профессор Таймагамбетов Ж.К., профессор Петрин В.Т. за работой

Уникальное открытие, относящееся к первобытному искусству, было сделано в Мугоджарах (Актюбинская область) в двух гротах Эмба1 и Эмба2 и рядом с ними около полевого стана Толеубулак.

Безусловно, наиболее выразительным и интересным является самый крупный (центральный) грот святилища Эмба 1. Он расположен в западной части скальной гряды вблизи вершины. Грот открыт своим широким входом на юг, он образован процессами выветривания. Его площадь небольшая, около 20 кв. м. Высота крайне незначительна – до 0,7 м в самой высокой части на выходе. Рисунки занимают практически весь пол.

Техника выполнения рисунков – резная с последующей пришлифовкой некоторых наиболее углубленных фигур. Рисунки выполнены в одном стиле. И хотя среди изображений наблюдается случай палимесе, возникает ощущение гомогенности изобразительного комплекса в целом. Если считать, что верх композиции находится в верхней части пола, наклоненного к входу, то можно выделить три зоны, примерно равных по площади и объединенных одними и теми же изображениями. И так, верхнюю часть занимают ряды резных линий параллельного и субпараллельного характера, иногда они пересекаются горизон-



● Петроглифы в предходовой части грота Эмба 2

датировкой изображений, сложна для разрешения. К сожалению, никаких объективных данных для установления возраста у нас не имеется. Эту проблему можно решить лишь путем аналогии.

В святилищных комплексах эпохи бронзы и железа, как и средневековья, где имеются петроглифы, на территории Казахстана, Средней Азии, Алтая, Сибири, Монголии ничего подобного нет.

Аналогию можно усмотреть в материалах гротов Каменная Могила с р. Молочка возле Мелитополя в Северном

Приазовье. Этот уникальный памятник по своему топографическому положению близок к святилищам Эмбы 1,2. Имеется определенное сходство и по отдельным изображениям и композициям, в



● Вход в святилище Эмба 1

частности параллельные и субпараллельные группировки разных линий, чашевидные углубления. Как известно, в датировке рисунков Каменной Могилы наметились две тенденции. О.Н. Бадер, М.Я. Руинский считали, что здесь имеются рисунки разных эпох: от мезолита до раннего железного века. В.Н. Даниленко, опираясь на геометризм рисунков, датировал их в основной своей массе энеолитом. Таким же образом, видимо, можно датировать и рисунки святилища Эмба 1. Хотя, вероятнее всего, они хронологически более локализованы и относятся к раннему времени, возможно, первой половине голоцена.

Рисунки более позднего времени – верблюд, лошадь, антропоморфные изображения, сделанные путем выбивки, выявлены на отдельных глыбах недалеко от памятника Эмба 2. Тщательных поисков наскальных рисунков в данном районе не производилось.

Исследования будут продолжены в этом году.

Ж.К. ТАЙМАГАМБЕТОВ, декан исторического факультета, д.и.н., профессор

Юрист отвечает

ВСЕ О НАЛОГАХ



Даулет РЫСКАЛИЕВ, ст. преподаватель кафедры трудового права и гражданского процесса

Наша газета продолжает публиковать ответы на вопросы, которые наиболее часто задают сотрудники университета юристу профсоюзной организации “Парасат” КазНУ им. аль-Фараби.

ВОПРОС: Каков порядок налогообложения по социальному и по индивидуальному подоходному налогу?

ОТВЕТ:
По социальному налогу:
В соответствии с п. 1 ст. 315 Кодекса РК от 12 июня 2001 г. “О налогах и других обязательных платежах в бюджет”, плательщиками социального налога являются юридические лица – резиденты РК, а также нерезиденты, осуществляющие деятельность в РК через постоянное учреждение (п/п. 1); индивидуальные предприниматели (п/п. 2); частные нотариусы, адвокаты (п/п. 3).

По решению юридического лица его структурные подразделения могут рассматриваться в качестве плательщиков социального налога (п. 2).

Объектами налогообложения указанных выше налогоплательщиков являются расходы работодателя, выплачиваемые работникам в виде заработной платы как в денежной, так и натуральной формах, включая доходы, предоставленные работодателем в виде материальных, социальных благ или иной материальной выгоды (п. 2 ст. 149 Кодекса).

В соответствии со статьей 152 Кодекса (п. 1) при определении дохода работника, облагаемого у источника выплаты, за каждый месяц вычета подлежат:

1) сумма в размере месячного расчетного показателя на соответствующий месяц начисления дохода;

2) сумма в размере месячного расчетного показателя на каждого члена семьи, состоящего на иждивении работника, начиная с месяца появления иждивенца. Указанные вычеты применяются к доходу одного налогоплательщика – члена семьи.

Иждивенцами признаются лица, члены семьи налогоплательщика, проживающие за счет его дохода и не имеющие самостоятельного источника дохода за месяц, превышающего месячный расчетный показатель (МРП).

3) обязательные пенсионные взносы в накопительные пенсионные фонды.

В соответствии с п. 2 данной статьи, указанные вычеты предоставляются налогоплательщику по доходам, получаемым у одного из работодателей на основании поданного им заявления и подтверждающих документов, предоставленных налогоплательщиком.

В соответствии со ст. 150 Кодекса, к доходам работника получаемым в натуральной форме, относятся:

1) оплата труда в натуральной форме;
2) полученные работником товары, выполненные в интересах работника работы, оказанные услуги на безвозмездной основе;

3) оплата работодателем стоимости товаров (работ, услуг), полученных работником от третьих лиц.

В доходы работника в натуральной форме включается стоимость таких товаров (работ, услуг), сумма налога на добавленную стоимость и акцизов, определяемая на эти товары.

В соответствии с п. 1 ст. 317 Кодекса юридические лица резиденты уплачивают социальный налог по ставке 21 процент.

В соответствии с п. 2 настоящей статьи, уплата социального налога за иностранных специалистов административно-управленческого, инженерно-технического персонала осуществляется по ставке 11 процентов.

Иные налоговые режимы в отношении индивидуальных предпринимателей и специализированных организаций определены отдельными статьями настоящего Кодекса.

По индивидуальному подоходному налогу:
К доходам работника, облагаемым индивидуальным подоходным налогом, относятся любые доходы, выплачиваемые работодателями в денежной и натуральной форме, включая доходы, предоставленные работодателем в виде материальных, социальных благ, иной материальной выгоды (п. 2 ст. 149 Кодекса).

В соответствии со ст. 151 Кодекса, к доходам, получаемым в виде материальной выгоды, относятся:

1) отрицательная разница между стоимостью товаров (работ, услуг), реализуемых работником, и

ценой приобретения или себестоимостью этих товаров (работ и услуг); 2) списание по решению работодателя суммы долга или обязательства работника перед ним; 3) расходы работодателя на уплату страховых премий по договорам имущественного страхования своих работников; 4) расходы работодателя на возмещение затрат работника, не связанных с его деятельностью.

2) при определении дохода работника, облагаемого у источника выплаты, по подоходному налогу учитываются вычеты, предусмотренные ст. 152 Кодекса.

Доходы, не подлежащие налогообложению, предусмотрены ст. 144 настоящего Кодекса.

Ставки налога

До 15-кратного годового расчетного показателя	5 процентов с суммы облагаемого дохода
От 15-ти до 40-кратного годового расчетного показателя	Сумма налога с 15-кратного годового расчетного показателя + 10 процентов с суммы, превышающей его
От 40- до 600-кратного годового расчетного показателя	Сумма налога с 40-кратного годового расчетного показателя + 20 процентов с суммы, превышающей его
От 600-кратного и выше	Сумма налога с 600-кратного годового расчетного показателя + 20 процентов с суммы, превышающей его

В соответствии с п.3 ст.13 Закона РК от 12 декабря 2002 года “О республиканском бюджете на 2003 год”, размер минимального расчетного показателя (МРП) равен 872 тенге.

872МРП x 12 = 10,464 (годовой РП)

10,464 x 15 = 156,960 (15 кратный годовой РП)

Соответственно, если размер ежемесячной заработной платы не превышает суммы равной 156,960 тг, то размер подоходного налога не должен превышать более 5 процентов от этой суммы.

При этом до налогообложения необходимо учесть все виды вычетов, предусмотренные настоящим Кодексом.

В соответствии с п. 1-1 ст. 145 Кодекса, доходы работников, облагаемые у источника выплаты, не превышающие за год 12-кратного минимального размера заработной платы подлежат обложению по ставке “0” при условии, что среднемесячный доход работников в течение квартала не превышает минимального размера заработной платы (МРЗП).

В соответствии с п. 1 ст. 13 Закона РК “О республиканском бюджете” размер МРЗП равен 5000 тг.

В последующих выпусках будут опубликованы материалы по вопросам материальной ответственности и по оплате за время нахождения работника в отпуске.

Правительством РК предпринимается ряд мер, направленных на обеспечение занятости граждан путем налоговой разгрузки налогооблагаемого дохода работников организации.

Так, в соответствии с п. 1 Постановления Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2001 года №1726, утверждены размеры выплат, не подлежащие налогообложению, когда постоянная работа протекает в пути или имеет разъездной характер, либо в связи со служебными поездками в пределах обслуживаемых участков – 0,35 МРП за каждый день.

Д.У. Рыскалиев, юрист профсоюзной организации “Парасат”, ст. преп. каф. трудового права и гражданского процесса

Баланс рабочего времени на 2003 год

Месяц, квартал, полугодие, 9 месяцев, год	Календарный день*	40-часовая рабочая неделя График работы с 1-го числа до конца месяца				36-часовая рабочая неделя График работы с 1-го числа до конца месяца				
		пятница		шестидневка		пятница		шестидневка		
мес	дни	дни	часы	дни	часы	дни	часы	дни	часы	
Январь	29	21	168,00	25	167,00	21	151,00	25	150,00	
Февраль**	28	20	160,00	24	160,00	20	144,00	24	144,00	
Март**	29	19	152,00	24	162,00	19	136,75	24	144,00	
I квартал	86	60	480,00	73	489,00	60	431,75	73	438,00	
Апрель	30	22	176,00	26	174,00	22	158,50	26	156,00	
Май	29	20	160,00	25	165,00	20	144,00	25	150,00	
Июнь	30	21	168,00	25	167,00	21	151,25	25	150,00	
II квартал	89	63	504,00	76	506,00	63	459,75	76	456,00	
I полугодие	175	123	984,00	149	995,00	123	885,50	149	894,00	
Июль	31	23	184,00	27	181,00	23	165,75	27	162,00	
Август**	30	21	168,00	25	167,00	21	151,00	25	150,00	
Сентябрь	30	21	168,00	26	174,00	21	151,25	26	156,00	
III квартал	91	65	520,00	78	522,00	65	468,00	78	468,00	
9 месяцев	266	188	1504,00	227	1517,00	188	1353,50	227	1362,00	
Октябрь**	30	22	176,00	26	176,00	22	158,25	26	156,00	
Ноябрь	30	20	160,00	25	165,00	20	144,00	25	150,00	
Декабрь	29	21	168,00	25	167,00	21	151,25	25	150,00	
IV квартал	89	63	504,00	76	506,00	63	459,50	76	456,00	
Год	355*	251	2000,00	303	2025,00	251	1807,00	303	1818,00	
Средне-месячный баланс		29,58	20,92	167,33	25,25	168,75	20,92	150,58	25,25	151,50

* Без учета нерабочих дней, установленных законодательством РК.
** При совпадении выходных и праздничных дней выходным днем является следующий после праздничного рабочий день.

Ән құшағында

30 мамыр күні университетіміздің оқытушылары мен студенттері және өнерді қадірлейтін көзі қарақты қала жұртшылығы рухани ләззат алуға Студенттер сарайына жиналды. Себебі, осы күні аты мәшһүр Нұрлан мен Мұқасанды үлгі тұтатын Мақсат Арыстанбаев пен Данияр Тастанбаев “Әнім сен едің” атты өздерінің алғашқы тұсаукесер концерттерін берді.



Қос талант қанат қақты

Сахна шымылдығы ашылған сәттен-ақ қалың бұқараның жүрегіне жол тапқан қос талантты өнерпаздарымыз өздері дәріс алатын киелі қарашаңырақтың 70 жылдық мерейтойына арнап өткізген концерттеріне жауапкершілікпен қарап, пәрменді мақсат қойғандары ерекше байқалып тұрды. Өзіндік үндерінің құдіреттілігімен әрбір көрерменді асқақ сезімге бөлеп, нұрға толы сүйіспеншілік құрметін сыйлады. Осындайда “ән өмірдің әрі мен нәрі” деген бабалардың өсиетін еріксізден қайта-қайта қайталайсың да, шын мәнінде түпсіз ізгілік өнерімен сырласудың тереңіне бойлайсың.

Кезінде өнер әлеміне алғашқы қадамдарын Жетісу мемлекеттік университетінің музыка факультетінен бастаған Мақсат пен Данияр 1997 жылы Алматыда өткен “Жетісу өуендері” фестивалінің жүлдегері атанғаннан кейін өнерге деген құлшыныстарын арттырып, таланттарын шындай түскен. Сөйтіп, 25 жастағы Мақсат пен 1 жас кіші інісі Данияр осы жоғарғы оқу орнында бір-бірлерін кездестіріп, тағдыр жолықтырған досқа айналған. Демек, университет қабырғасынан өнер биігіне бірге шығуды мақсат тұтып, ақ армандарына жетуге мәрттіктерімен серт берген.

Бір ерекшелігі, өздері ерекше сезіммен әсерлі етіп шырқайтын “Аққу мүсін”, “Асыл ана”, “Арулар” өндерінің авторы Серікжамал Әжібекова ханым кешке қатысып, өз пікірін білдіріп, тебірене естеліктер айтты. Сондай-ақ, осы концерттің өтуіне сүбелі үлес қосқан, әрі моральдық, материалдық қолдау көрсеткен университетіміздің ректоры Төлеген Қожамқұлов мырзаның “Туған жерді есіңе ал” сияқты өнін айрықша шырқап, қос өнерпазымыз көрерменнің ізгі ілтипатына бөленді. Өз сөзінде өнерге жанашыр ректор мырза қазақтың мәртебесін асқақтатуға үлестерін қосып жатқан Данияр мен Мақсатқа өнер жолында сәттілік тілеп, “алғашқы қадамдарың өрге жетелесін, алда талай асулар мен талай белестер қол бұлғап тұр. Сол сындардан сүрінбей өтіңіздер”, - деп ақтарыла ақжарма тілегін білдірді.

Кеш барысында “Хабар” арнасынан берілетін бағдарламалардың белгілі кейіпкері әрі Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің магистранты, жүргізуші Айгүл Иманбаева қонақ ретінде келген атышулы өңшілерімізді сахна төріне шақырып, әсем өңге, мың бұралған биге кезек беріп отырды.

Енді құлашын жайған осы жас өңшілерімізбен көрермендер қауымы кеңірек таныс болсын деп тосыннан болған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Әңгімеміздің әлқиссасын өздерімізді таныстырудан бастасaq.

Мақсат: - Мен Қазақстан

жоғарғы оқу орындарының көсемі Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде философия мамандығы бойынша аспирантурада оқимын. Келесі жылы Алла қаласа, бітіремін. Өзіміз үйде үшеуміз. Мен

Данияр: - Бойда бар өнер іште жатпайды ғой. Ол жай шықпауы керек, тыңдарманның жан дүниесін байыттып, тамаша күйге жетелеп, игілікті етуге тиіс. Өнер жолы қиын жол дейді ғой. Өнердің ауырлығын енді көріп жатырмыз. Қалай десем

бұлжытпай орындау - нағыз ақымақтық. Жақсының ісін қайталау емес, содан үлгі алған абзал.

Данияр: - Біз өз жолымызбен, өз стилімізбен жүріп келеміз. Тыңдарманымыз байқаған да болар, біздің репертуарымызда патриоттық

үлкені боламын. Үйленгенмін, бір ұлым бар.

Данияр: - Менің де жауабым осыған саяды. Бірақ біз үйде төртеуміз. Мен де үйдің тұңғышымын. Әзірше бойдақпын.

- Жалпы өнер жолына қалай түстіңіздер? Әлдекімнің ықпалы болды ма?

Мақсат: - Өнер саласына мектеп қабырғасында жүргенде 3 сыныптан бастап атсалыса бастадым. Балауса кезімнен-ақ өн айтуға құштар екенімді ата-анам сезген болатын. Оның үстіне, әкем де, шешем де өнер адамдары. Қанда бар қасиет болған соң маған да дарыған ғой.

Данияр: - Біздің де үй-ішімізде бәрі өнші. Көзімді тырнап ашқалы өлең-жыр, дастанның арасында өстім. Бала кезімнен аудандық, облыстық байқауларға қатысып, өнердің жолын өзіме қарай қараттым. Бойында талант болған соң іште тұншығып өлмеу керек қой. Сондықтан да өз-өзімді шындау мақсатында көп еңбек еттім. Әлдекімнің “Сен қалайда өнші боласың” деген өмірі болған жоқ. Осы жолды өзім таңдадым.

- Сіздер үшін өнер жолы несімен қызықты?

Мақсат: - Өнер деген үлкен ұғым. Өнер жолы әркімнің талғамына қарай қызықты болып жіктеледі. Ал мен үшін өнер жолы өмірдің өзін кемелдендірумен, асқақ сезімге бөлеуімен қызықты.

де, өнер жолы қызық, сиқырлы, сырлы өлем. Оның толып жатқан иір-қиыр жолдары бар. Ең бастысы - көрерменнің жақсы бағаласа болғаны.

- Жақында алғашқы шығармашылық концерттеріңіз өтті. Сонда қандай әсерде болдыңыздар?

Мақсат: - Өнер әлеміне тұңғыш үлкен қадамды болғандықтан ерекше әсер аласың. Алдында көп ойланғып, толғанып, қалай өтетінін уайымдап жүрдік. Дайындығың жақсы болса да, аландығың екенсің. Жалпы өтетін концерттерге шыққанда өзіңе сенімді, берік боласың. Ал өзіңнің концерттің болғанда қатты толқиды екенсің.

Данияр: - Концерт береміз деген күннен бастап-ақ қызу дайындыққа кірістік. Көрерменіміз ерекше әсер алсын деген мақсатпен жаңа өңдеудегі өндерімізді орындадық. Өзіміз тағылымдық жағынан өнердің ішіндегі құдіреттен тамаша әсер алдық. Өнерге деген ынтқытығымыз онан сайын артып келеді деуге болады.

- Қазір жас өнерпаздардың басым көпшілігі табиғи бар, жасандысы бар, танылып жатқан өңшілерге еліктеп, іс-қимылдарына дейін айнытпай салып жатады. Сіздерде де біз де солардай болсақ деген өңшілеріңіз бар ма?

Мақсат: - Әр өнші өзінің стилімен ерекшеленуі керек. Ал біреуге еліктеп, соның әрекетін

өндер басым. Ұнайтын, үлгі тұтатын өңшілеріміз бар. Ал біз өзіміз ешкімге еліктейміз. Себебі, көп жағдайда санамызда “Қандай өнердің болса да ең биік қасиеті - оның шынайылығы” деген халық даналығы қаперде болады.

- Бірде белгілі өнші Меруерт Түсіпбаевамен сұхбаттасқанымда ата-анасының “Өнер адамдары үйде отырмайды. Ойлары қашанда дала болады” деп айтқанын алға тартқан еді. Сіздердің ата-аналарыңыз қалай, өнер жолына түскендеріңізге қарсы емес пе?

Мақсат: - Жо-жоқ, тек қана қуанады, шаттанады.

Данияр: - Менің ата-анам, керісінше, сахнаға шыққандымды жөн санап, демеу беріп отырады.

- Қазір қыздар жағы жұлдыздарымыздың телефон номерін, мекен-жайын алып, түрлі жолдармен мазалап жатады. Сіздерге де тыныштық жоқ шығар, сіре?

Мақсат: - Жасыратыны жоқ, мына жерде кездесейікші деген телефон қоңыраулары болып жатады. Я болмаса, “сообщение” жіберіп, сезімдерін білдіреді. Негізі, мұндай қасиет қазақ қыздарына тән емес деп ойлаймын. Себебі, ертеректе қазақтың қыздары ибалы, инатты, иманды болған емес пе?

- Кейінгі кезде өздеріңіз басқаратын клубтың жас өнерпаздары қатары көбейіп келеді. Олардың аяқ алыстары қалай?

Данияр: - Алғаға шүкір, бойында таланттары бар жастарымыз жыл сайын көбейе түсуде. Олардың танымал өнші болып кетуі жағап емес. Себебі, үйірмеге келіп жүрген өңшілеріміздің дауыстарында ерекше құдіретті үн бар. Атап айтатын болсақ, “Жанартау” тобы, Әйгерім мен Руслан дуэти, Ержан сияқты өңшілеріміздің болашағынан үлкен үміт күтуге болады. Осы жас өнерпаздарымыз университетіміздің атын асқақтатуға зор үлестерін қосып жатқаны ақиқат. Бәлкім, осы шаңырақтан өнерге жолдама алып, тағы бір мамандық иесі болып шығар.

- Алға койған мақсаттарыңыз?

Мақсат: - Бабаларымыздан қалған ұлы мұраны жалғастырып, салт-дәстүрімізді жаңғыртсақ дейміз.

БІЗДІҢ РЕКТОРДЫҢ БІР КҮНІ немесе аяулы аға алақанында

“Аяулы аға” деген сөзді естімегелі көп болыпты-ау! Көп күндер, көп жылдар өтіпті. Күні кеше қайта естідік, қайыра естідік, қайырыла естідік.

Аяулы аға деген жалғыз ауыз сөз ханымызда жаңғырып, жадымызда сән құрып, талай жанды таң қылып толқындай толқып жатты. “Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады” демекші, әлгі айтылған сирек сөздің киелері, кейінгі толқын иелері - өрімдей жас жігіттер Мақсат пен Данияр екен. Қос өншінің қосылып шырқаған саздары бірде қырғыз Алатауынан асып, айыл-айылды аралап кетсе, енді бірде сарыала сағынышқа оранып, тап қасымызда тұрып алды, тағы бірде іле Алатауының іргесіндегі жасыл жайлаулардың жұпар иісімен жарылқап, балауса бұлақтардың тылсым тынысымен тыныстатты. Өн әлемі мен жан әлемінің жарасымы Алматы аспанына ажар әкеліп, жастарына назар сыйлады. Назары түскен қос өнерпазға университет төрін беріп, тұсаукесер той істеуші де - біздің ректорымыз Төлеген Әбдісағиұлы екен. Бұлақ көрсө көзін ашып жүретін көреген ағамыз тағы да көрегенділік көрсетті. Егіздей екі жігіттің өнердегі тұсаукесер тойын өткізді. Бұл өн тойы, сән тойы ғана емес, жан тойы болатын. Қос жігіттің аузынан “Аяулы ағамыз Төлеген Әбдісағиұлына рахмет” деген сөздерді өлденеше рет естіп жұрт толқып отырды, таңданып отырды, таңдай қағып, тамсанып отырды. “Осы екі жігіт Жетісу университетіне басшы болып барғанында алдымынан шығып өн салып, қарсы алып еді, күні бүгінге дейін көз алдымда ұстап келемін, қадағалап, қамқорлық көрсетіп келемін, өнерлерің өрге жүзсін” деді университет ректоры. Бастапқыда белгі берген “ректордың адамдары кешін өткізіп жатыр” деген жаяу өсек жер құшып, шындық шырқау биікке көтерілгеніне көзіміз жетті. Жетісудың Сарқант өңірінде өскен өрімдей екі жастың өнерін бағалау, бақылау, баспалдақтап биіктету екінің бірінің қолынан көлмейтіні әмбеге аян, ал біздің ректорымыз өнерді түсінетін адам ғана емес, өнерлі адамның өзі болып шықты. Нева жағалауында жүріп жазған “Туған жерді есіңе ал” өні көпшілік көңілінде соны серпін туғызып, қошеметке бөленді. Қалай болғанда да жұрт жүрегіңде жалғыз ауыз сөз қайта-қайта жаңғырып, жүректерден жүректерге жол тауып жатты.

Аяулы аға! Жалғыз ауыз сөзбен-ақ басшы беделі биіктеп сала берді, көзі тірісінде аяулы деген сөзді екінші бірі есті бермейтінін де біз білеміз. Бәлкім адамды аяй, аялай білетін адамдарға арналған сөз болар. Сирек айтылатын сөзді естіп, біздің ректорымыз да сирек сезімтал адам-ау деп қалдық. Расында да, профессор Төлеген Әбдісағиұлы басқарып отырған қазақтың қара шаңырағы имандылыққа, салауаттылыққа бет



бұрған сынайлы. Әсіресе, ректорымыздың “маман тәрбиелеуден гөрі, адам тәрбиелеу қиын” деген сөзінде саф таза шындық бар. Адам танудың, адам тәрбиелеудің асқақ үлгісінің бірі де осы қаршығаның қанатынан демеу емес пе? Қос қаршығаның қанаттары қатайып, қырандарға да айналар, шырқай биікке көтеріліп, туғандарына да оралып жүрер... Қай кезде алақандарыңызға салып аялаған қос қаршығаның томағасын кім сыпырғанын, төрдің төбесін кім көрсеткенін ұмыта қоймас. Қазақтың қара шаңырағын басқарып отырған адамның кім екеніне көзіміз жетті, көзіміз жетті емес-ау, анығырақ айтсақ, ректор өзінің кім екеніне көпшіліктің көзін жеткізді. Кейінгілерге үлкен сабақ болды, ұстазға да - сабақ, шәкіртке де - сабақ, адамды аялау сабағы. Менің кеудеме қара шаңырақтың әр ұстазы, әр шәкірті Төлеген ағамыздай мәрттік мінез танытса шіркін деген ой ұялады. “Кішіге мейірімі, шапағаты, үлкенге ізет-құрметі жоқ адам - біздің адам емес” депті пайғамбарымыз хадистерінің бірінде. Ал менің “біздің ректор” деуімнің де жаны бар екен. Мейірім, шапағаты мол жанды қалайша “біздің адам” демеске? Бұл біздің ректорымыздың бір күні ғана. Өзімізге той жасағандай төбеміз көкке тимей тұрды, аяулы аға алақанымен әрқайсымыздың айдарымыздан сипағандай әсер өтті. Бар болыңыз, біздің ректорымыз немесе аяулы ағамыз!

Биліктен биік қойып Алаш атын,
Талантқа туғанындай қарасатын.
Бас, жағаң бүтін болсын, Аяулы аға,
Басқадан басым болсын парасатың.

М.МҰНАР,
Журналистер Одағының мүшесі

Жақсыны арман еттік, енді бөрі де жақсы болар.

Данияр: - Иә, өнеріміз арқылы эстетикалық сезіммен халқымызға рухани байлық берсек дейміз. Сондай-ақ, жаңа өңдеудегі “Саржайлау”, “Туған жерді есіңе ал” өндерімізге бейнеклип түсірсек деген мақсатымыз бар. Енді оны уақыт көрсетеді.

- Сөз соңында халықтың адамы болғандықтан, тыңдарманға айтарларыңыз бар шығар?

Мақсат: - Өшетін елдің емес, өсетін елдің ұрпағы біз боламыз. Халыққа біз өнер көрсеткенде олардың бізге құрметі болса, сол игі. Қазекем “Жалғыз ағаш - орман емес, жалғыз кірпіш - қорған емес” дегендейін, бізге қолдау көрсеткен Қазақ ұлттық университетінің ректоры Төлеген Әбдісағиұлы мырзаға өнерге жанашыр болғаны үшін Алла разы болсын дей отырып, Данияр екеуіміз шексіз алғысымызды білдіреміз. Сондай-ақ, ерекше дарын иесі, біздің өңдеушіміз Қайрат Қалықов ағайға көп-көп рахметімізді айтамыз. Айтпағымыз, еліміз тыныш, көңіліміз шат, дұшпанымыз жат болсын! Келесі концертте кездескенше бар болайық, нар болайық, аман-сау болайық.

- Өнер әлемінде өрге жүзе беріңіздер. Уақыт бөліп, әңгімелескендеріңізге көп-көп рахмет.

Сұхбаттасқан
Ысқақ ДҮЙСЕМБАЙҰЛЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – самғаса биікке, ұша алысқа қанат қағатын талай жыр тарландарын білім нәрімен сусындатқан, баптап, шығармашылығын шындаған киелі шаңырақ. “Бұлақ көрсең көзін аш” дегендей, университетте талабы бар жастардың шығармашылығын дамыту, өнерін шындау, халыққа таныту мақсатында іс-шаралар өткізу дәстүрге айналған. Соның бірі - жыл сайын ұйымдастырылатын студент-жастардың жыр бәйгесі. Биыл Тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген жыр бәйгесіне жүзге жуық студент өз шығармаларын ұсынды. Бір қуанарлығы жүздің ішінде университеттің барлық 14 факультетінің өкілдері бар.



Л.С.ДҮЙСЕМБЕКОВА, ҚазҰУ-дың Тілдерді дамыту бөлімінің бастығы

Белгілі ақындар Иран-Ғайып, Б.Жақып, Х.Бөлібеков, филология факультеті ақындар клубының жетекшісі, аға оқытушы Н.С.Рыгалова және Тілдерді дамыту бөлімінің қызметкерлері студенттердің шығармаларымен танысып, оларды іріктеу турларынан өткізді. I және II турдан сүрінбей өткен 44 студент қорытынды III турға қатысты. Оның 24-і қазақ бөлімінің, ал 20-сы орыс бөлімінің студенттері. Жас ақындар өлеңдерінен Отанға, туған жерге, ата-анаға деген ыстық ықылас, сүйіспеншілік сарыны айқын сезіліп тұрады. Табиғат, махаббат лирикасы да көрініс тапқан. Шығармашылығында әуесқойлық деңгей байқалатын орыс бөлімі студенттерімен салыстырғанда, қазақ бөлімі студенттерінің туындыларынан қаламы төселіп қалған ақындық шеберлік байқалды. Талапкерлер арасында механика-математика факультетінің I курс студенті Жетпісов Рүстем сияқты қос тілде, яғни орыс және қазақ тілінде де өлең жазатын студенттердің бар болғандығы қуанарлық жайт.

Көкірегім күмбірлеп ерте менің,
Көңілімнің көрпесін серпе келдім.

Әділдіктің ауылы қайдасың деп,
Жүрегімнің көзінен шер төгемін.
Бұл белгілі ақын Иран-Ғайып өте жоғары баға берген, шығыстану факультетінің 4 курс студенті Дастан Ақашұлының жүрек тебіренісі. Дастан өлеңдері сені өзі жетелеп отырады, Дастан өлеңдері қыз бұрымындай өріліп отырады.
Физика факультетінің I курс студенті Таңжарықұлы Тоқтарәлі:
Менде жалғыз ана бар — туған анам,
Менде жалғыз Отан бар — Қазақстан, —
деп жыр жолдарын төгеді.
Өлең атты өнерге бір табан жақын, жақын ғана емес, соның шекпеннен шыққан деуге боларлық факультет — филология. Жыр мүшәйрасына бұл факультеттен 4 студент қатысып еді, екеуі алғашқы сайыстан мүдірмей өтті. Олар — 2 курс студенті

Ақашұлы Дастан иеленсе, I орынды физика факультетінің студенті Таңжарықұлы Тоқтарәлі мен философия және саясаттану факультетінің студенті Гатина Алина, II орынды журналистика факультетінің студенттері Сейсенбаев Данияр мен Мыскина Александра, механика-математика факультетінің студенттері Мәмедалиева Ләззат пен Жетпісов Рүстем, философия және саясаттану факультетінің студенті Назарбеков Қайсар жеңіп алды. Биология факультетінің студенті Әкімгереева Әсел, шығыстану факультетінің студенті Сағалиева Айнұр, журналистика факультетінен Насырова Юлия, халықаралық қатынастар факультетінен Бағашаров Құдайберді, тарих факультетінен Солтанбек Маржан, дайындық факультетінен Шауханұлы Отар III орынға лайық деп танылды. Белсене қатысқан 30 студентке алғыс

Жыр бәйгесінде жана есіңдер тамылды

Садырова Анар мен 3 курс студенті Тілеуханұлы Қанат. Садырова Анарды университет қабырғасында өтетін ізгі іс-шаралардың бәрін кездестіруге болады. Мәселен, ол жақында ғана өткен “Қозы мен Баян” сайысында бірінші жүзден жеңіп алды. Онда да өз өлеңімен келген болатын.

“Президент ел бастайды, журналист жол бастайды” деген қанатты сөз бар. Жаңалықтың жаршысы, халықтың үні ғана емес, өннің, күйдің, жырдың да жанашыры, сыншысы, қоғамымыздың ең белсенді мүшелері журналистер аталған жыр мүшәйрасында да ерекше жарқ етіп көрініп отыр. Олай дейтіміз, университеттегі 14 факультет ішінен бұл конкурста қатысушы студенттер саны жағынан да журналистика факультеті алдыңғы орында тұр. Мүшәйраға қатысуға факультеттен 25 студент тілек білдірсе, оның 17-сі іріктеу турынан өтіп, қорытынды турға жіберілді.

“Арулар арман,
Шешусіз қалған,
Жұмбақ қой жатқан мәңгілік!”
Бұл жыр бәйгесінде жүлделі II орынды жеңіп алған Сейсенбаев Даниярдың өлеңдерінен алынған жолдар. Адамзат үшін мәңгілік тақырыпқа айналған махаббат — Данияр творчествосының да арқауы.

Жыр сайысының қорытындысы бойынша бас жүлдені шығыстану факультетінің студенті

жарияланып, арнайы сыйлықтар табыс етілді. Жыр мүшәйрасының қорытынды турының материалдары жеке жинақ ретінде шығаруға әзірлену үстінде.

Сіздердің назарларыңызға 2003 жылдың 29 мамыры күні өткізілген жыр бәйгесінің қорытынды III турында жүлделі орындарды жеңіп алған кейбір



● Әділ қазылар алқасы

студенттердің өлеңдерін ұсынып отырмыз. Бұл өлеңдерден байқалатын бұлақтың ерке мінезі мен таңғы шықтың тазалығы, жастық қуат пен шынайы сезім кейбір тұстардағы кемшіліктің де орнын толтырып тұрғандай. Жас ақындарға сәт сапар тілейік!



АҚАШҰЛЫ Дастан
**Сұлулығы
қыздардың
бұрымында**

Бұрымды қыз, көргенде келбетінді,
Қиялында осы жыр тербетілді.
Көріңді ғой көзіме періштедей,
Сезіндіріп сезімге ержетуді.

Бөлкім іште бұлқынған мұңым бұлар,
Барады ғой азайып бұрымдылар.
Сұлулығы қыздардың бұрымында,
Ана қайда ол жайды ұғындырар.

Бұрымды қыз, көрікті, көркем, өсем,
Жыр туа ма жүректі өртемесен.
Қос бұрымның бұлғақтап жотадағы,
Базарында өмірдің еркеле сен!

Сөздеріме тебірен, толқы, жаным,
Жүрегіңді шуаққа толтырамын.
Сен қазақтың қызының сарқыты ма ең,
Сыңғырлатқан ақ күміс шолпыларың.

Сұлулыққа сүйсінбей қала алам ба,
Көзді тартты көркіңіз қарағанда.
Айналайын, аялап әр күн сайын,
Еске аларсың шашыңды тарағанда.

Танды ерте құрбыңнан қарсы аларсың,
Өзіңе-өзің тап мендей тамсанарсың.
Бұрымыңды тарқатып қайта өргенде,
Жаным, әйтеуір қолдарың шаршамасың.
Бұрымсыздар жүрегін паршаласың!..

Бұрымда бір кеткендей алты аласым,
Ой тербетсем- ұлт үшін жанталасым.
Баяндардың бұрымы Қозыларсыз,
Қодарлардың қолымен тарқамасың...



ТАҢЖАРЫҚҰЛЫ Тоқтарәлі
Отан-ана

Ажал төніп тұрса да қарамай-ақ,
Тіпті өзімді бақытсыз санамай-ақ.
Белді бекем бұам да Отан үшін,
От кешуге дайынмын жалаң аяқ.

Мен ешқашан аңсаман басқа Отанды,
Басқа Отан -бізді талай тасқа танды.
Басқа Отан жазықсыздан шырқыратып,
Жанардан қан аралас жас та тамды.

Азуын ақситқанда сан арыстан,
Біздің қазақ жұлқысқан, сан алысқан.
Менде жалғыз ана бар - туған анам,
Менде жалғыз Отан бар - Қазақстан!!



Рүстем ЖЕТПИСОВ
**Гимн
молодых
патриотов**

На пороге новой жизни мы стоим,
И достигнуть в жизни многого хотим,
И стремимся прямо к солнцу в синеву,
И в сиянии, как орлы, мы ввысь летим.

Мы свободным поколениям людей
Станем солнцем, что всем дарит только свет.
Путеводною их станем мы звездой
На дороге братства, счастья и надежд.

Мы построим город света, доброты —
Это будущее наше. Это ты.
Это ты, наш необъятный Казахстан.
Лишь тобою живы наши все мечты.



**Ляззат
МАМЕДАЛИЕВА**
Душа

Вот человек,
Он для своей души лишь тара,
Лишь груди мяса и костей.
И без нее не знал бы он
Ни боль утрат, ни радостей.

Порой душа завоет волком,
Порой, как тигр, зарычит,
А иногда (у всех бывает),
Как заяц под сосной, дрожит.

Бывает также, в небо рвется,
Как птица гордая, она.
Гиеной злой она смеется,
И мудростью похожа на слона.

Павлином ярким щеголяя,
Лукавит изворотливой лисой,
А может и летать под облаками
Голубкой белой за своей мечтой.

Душа верна и предана, как псина,
Коварна, как змея, она,
Котенком ласковым играва,
А также с благородством льва.

Все это так, всего страшнее,
Когда не слышно зверя у тебя.
Не беспокойся, друг, не глухость!
Это бездушная душа.

Бастама

Кезінде қазақ даласында пайда болған алғашқы журнал - “Айқап” дүниеге келгенде ардақты ұлдарымыздың бірі Міржақып Дулатұлы бұқаралық ақпарат құралдарының маңызын сол кезде-ақ атап көрсеткен еді.



Жіреп СӘРСЕНОВ,
“Серпін” газетінің жауапты хатшысы

ГАЗЕТТЕР БӘЙГЕСІ

Сол тұстары Аханды ағаларымыз да “газет — халықтың көзі, құлағы нәм тілі” деп ұран тастағаны белгілі. Әрине, бұл айтылғандардың бәрі сол уақытта бұқара қара халықты білімге, сауат ашуға үндеп және газеттің адам санасына рухани азық берудегі маңызын көрсете білу мақсатында еді.

Қазір жастар қауымына арналған қазақша басылымдар жоқтың қасы. Әсіресе, олардың ауқымды мәселелерін қозғап, оны ел арасында бір кісідей жабыла түсіп жариялау жағы жеткіліксіз. Еліміз бойынша бірнеше жоғарғы оқу орындарының студенттер мен жасөспірімдерге арналған өз газеттерінің әрқайсысы болсын ел болашағының жарқын иелері жайлы өлде аз жазады. Меніңше, бүгінгі студент қауымының арасында болашаққа үміттылс жасаушы, өз тағдырларының бұл қоғамдағы келбетін толығымен түсініп, оны қайтсе жөнге салуға болатынын қолға алғысы кеп жүргендер көп.

Соның бір дәлелі ретінде жуырда білім ордамның журналистика факультетінде тұсауы кесілген студенттер арасындағы төрт бірдей газетті айтып өтуіміз қажет. Оның екеуі қазақ, екеуі орыс тілдерінде жарық көрді. Енді әрқайсысына толығырақ тоқтала кетсек, олар: “Серпін” (Бас редакторы - Қ.Мейрамбекова, I курс), “Ұшқын” (Бас ред. — Р.Бөлекбай, I курс), “Весеннее ревью” (Бас ред. — А.Асқар, 2 курс, орыс бөлімі), “Мир издателя” (Бас ред. — Н.Долгова, I курс, орыс бөлімі). Алдымен бұл газеттердің дүниеге келуі қарашанырағымыз - ҚазҰУ-дың және журналистика факультетінің 70 жылдық мерейтойына орайластырылып ұйымдастырылған конкурста байланысты болды. Ұйымдастырушы - журналистика факультеті мерзімді баспасөз кафедрасының аға оқытушысы Жанна Бақытқызы Ескуатова. Жарияланған бәйге бойынша тек 2 курстардан бастап жоғарғы курстарға дейінгі аралық қамтылған еді. Бірақ, кейіннен өз өтініштерін білдіру нәтижесінде I курс студенттері де қатыса алды.

Конкурстың қорытындысы екі айдан кейін талқыға салынды. Оған себеп конкурста түсуші газет ұжымдары үшін газетті беттеп, басып шығаруда компьютерлік құралдардың қолбайлау болуы. Сөйтіп, қорытынды барысында республикалық “Жас Алаш”, “Вечерний Алматы”, “Время” газеттерінің белгілі журналистері сараптама жасап, өз тараптарынан біріге отырып, әділ бағаларын ұсынды. Жүлдеге түскен газеттердің тақырыбына, ондағы мазмұнына, безендірілуі мен көркемделуіне жөні мән берілді. Нәтижесінде газеттер ішінен бас жүлдені “Серпін” иеленіп, I орынды “Ұшқын”, 2 орынды “Весеннее ревью”, 3 орынды “Мир издателя” газеттері өзара бөлісті. Салтанатты түрде марапаттау жасалып, арнайы сыйлықтар тағайындалды. “Серпін” мен “Ұшқын” газеттеріне “Жас Алаш” қаржылай сый ұсынса, ал қалған орыс тілді газеттерге сыйлықтарды “Вечерний Алматы”, “Время” басылымдары берді.

Сонымен, марапаттау рәсімі тек орын ғана беріп, сыйлық таратумен шектелмеді. Басқосу кезінде факультет деканы Бауыржан Әміржанұлы және Әділ Бек Қаба, Әміржан Мәдкенде сынды журналистер келелі мәселе қозғап, зерделі жастардың санасына салмақты ойлар тастады. Өз кезегінде: “Келешекте де біз бұл үрдістің дами түсетініне сенеміз, өрі бұндай игі бастаманы алдағы уақыттары дәстүрге айналадырамыз” — деді Бауыржан Әміржанұлы. Расында, студенттер арасындағы бұл конкурс тұңғыш ұйымдастырылып отырған шара. Ал аталмыш газеттердің өрі қарай уақытымен шығып тұруы көлемді көмекті қажет етеді. Әрі шарт бойынша “газет шығарушылардың тобы 4-5 адамнан аспауы тиіс” деп шектелуінен де талай мақсат қуып жүрген көкірегі ояу студенттер қатыса алмады. Дегенмен, сол жастардың түгелдей басын біріктіріп, қарашанырағымыздың төрінен байтақ өлкеміздің түкпір-түкпіріне тарайтын, болашақ мамандық иелерінің бүгінгі мен ертеңіне зер салып, бағыл ұн қата білетін басылым жасауға өбден болады. Демек, “Бұлақ көрсең көзін аш” дейтін жылқымық лебі де алыста емес шығар...



Өнерлі ұрпақ

Оралман студенттердің ән мерекесі

Мамыр айының 28-ші жұлдызында ҚазҰУ-дың бастамасымен Алматы қаласында оқып жатқан оралман жастардан құралған өнерпаздардың "Атамекен - алтын бесік" атты гала-концерті болып өтті. Университеттегі жастар рухани орталығы жанынан бой көтерген "Атамекен" өнер-білім бірлестігі мұрындық болып өткізген концертке Қытай, Түркия, Монғолия, Қарақалпақстан, тағы басқа мемлекеттерден оралған жастар қатысып, тамаша дәстүрлі өнердің өнегесін көрсетті. Бір жағынан Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында алма түсер жер табылмаса, екінші

жағынан концертке қатысуға тілек білдірушілерден аяқ алып жүруге болмады. Өрімдей-өрімдей оралман жастардың нақышына келтіре орындаған өн-күй, би өнерлері барлық көрермендерді төнті етті. Атап айтқанда, "Тобылғы сайды" айтқан Қытайдан келген Раушан Әлімжанқызы, "Бір бала" әнін орындаған Қуандық Қуатбекқызы, Үлбүбі Қуанқызы, Гүлнәр Құрманбекқызы, "Гауһартасты" айтқан Жаңыл Айдарханқызы, "Неопоентан тарантелласын" шырқаған Қарақалпақстаннан келген Қаракөз Әбушариповалар жұрт жүрегінен жол таба білді. Концерт соңында өз өлең-жырларын оқыған бір топ жас оралман ақындардың Отанға, елге деген сүйіспеншілігінен туған жыр жолдары кімді



болса да бей-жай қалдыра алмады. Асылы, қазақтың өн, жыр өнерінің қайнар көзі мен таусылмас өлет-ғұрпының байлығы шет жұртта жүрген қандастарымыздың жадында өбден сақталғаны осының бір дәлелі.

Өмірбек БОРАНБАЙҰЛЫ,
Жастардың рухани орталығының жетекшісі

Тұсаукесер

"ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ" ҚАЙТА БАСЫЛДЫ

4 маусым күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде ұлы ағартушы ғалым Ыбырай Алтынсариннің жақында ғана "Білім" баспасынан жарық көрген "Қазақ хрестоматиясы" атты кітабының салтанатты тұсаукесер рәсімі өтті.

Ыбырай Алтынсариннің "Қазақ хрестоматиясы" ("Киргизская хрестоматия") тұңғыш рет 1879 жылы, бұдан 124 жыл бұрын Орынбор қаласында жарияланған. Кеңес дәуірінде орта мектептің әдебиеттік оқу құралдарында және жеке жинақтарда бірнеше рет басылған. Алайда, социализм кезіндегі идеологиялық саясатқа байланысты автордың кейбір сөздері алынып тасталған немесе қысқартылып келген. Осы жолы ағартушының еңбегі тұңғыш рет толық нұсқасында жарық көріп отыр.

Бұл кітапта Ыбырай Алтынсариннің төл шығармалары мен қазақ халық әдебиетінің озық үлгілері және Европаның классикалық көркем әдебиетінің аудармалары өлең сөз және қара сөз түрінде берілген.

Кітапқа енгізілген көркем шығармалардың басты идеялары: адамгершілік пен еңбексүйгіштік, әдептілік пен инабаттылық, зейінділік пен зеректілік және ата-ана, ел мен жерге деген сүйіспеншілік. Әсіресе, автор кітаптың тәрбиелік сипатына айрықша назар аударған.

Бұл жинақты баспаға дайындаған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор Сұлтанғали Садырбаев бастаған "Қазақ фольклористикасы" оқу-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкерлері.

Өз тілшімізден

"Қыз Жібек пен Төлеген" клубы

Жамбылдың інілері іркілген жоқ

Дауын да, жауын да сөзбен жеңу қанына сіңген қазақтың қай баласы болмасын қара сөздің қадірін біледі. Кей-кейде парқына бара бермегенмен, өздері аталы сөздің алдында бас игендерін білмей қалады. Жалпы, қай жолды таңдасаң да, діндеген мақсатқа жетуде араласып жүрген ортаның маңызы ерекше.

Жақсы ортаға үйірсектер де көп болады. Аткарған шаралары мен көздеген ойлары

көпшілік жастың көңілінен шығып, қатарын көбейтіп жүрген "Қыз Жібек пен Төлеген" клубы осы үдеден шығуда.

Жақында, әдеттегідей 18-жатақханада осы клубтың ұйымдастыруымен студент ақындардың айтысы болып өтті. Бұл орын беріліп, жұлде тағайындалмаған айтас болғанымен, айтыскер студенттер өнерлерін аяп қалмады. Филология факультетінің 3 курс студенті Қанат Тілеуханұлы мен журналистика факультетінің 1 курс студенттері Рүстем Қайыртауұлы, Асхат Қылышбековтардың қиыннан қиыстырып, азіл-қалжыңмен тұздықтап отырып жасаған сөз бәсекесіне жиналған жастар ризашылықпен қол соқты. Әрине, дайындықтың түбегейлі болмағанын мойындауымыз керек. Еркін тақырыпта ой сабақтаған айтыскерлер көбінесе арнадан ауысып, бір ізге түсе алмай қиналды.

Дегенмен, бұл жаңа ой туғызып, үлкен сайыстарға дайындықтың үлгісі болды десек қателеспейміз.

Бұл шараға белгілі айтыскер ақындар Б.Әшірбаев, О.Досбосынов, Т.Жамановтар қатысып, өз ойларын ортаға салды. "Қыз Жібек пен Төлеген" клубының бастамасын құптап, жалғасын табу үшін көмек беретіндерін де айтып өтті. Орайы келгенде өлеңдерін оқыды.

Тағы бір айта кетерлігі, Құрманғазы атындағы консерваторияның көмейлеріне бұлбұл ыя салған әнші студенттері келіп, әннен шашу шашты.

Осы шараның басы-қасында жүрген кітапхананың көпшілікпен жұмыс істеу жөніндегі меңгерушісі Н.Малдыбаева мен клуб мүшелері тарапынан өнерлерін ортаға салған студенттерге естелік кітаптар табыс етілді.

Әдемі кеш жағымды әсер қалдырды. Студент жастар рухани байлықтың бір бастауынан сусындап, жазғы сессия уақытында бір сөріліп қалды. Бұл - "Қыз Жібек пен Төлеген" клубының қол жеткізген жемісті жетістігі.

Т.ТҮЗЕЛБЕКҰЛЫ

Оқушы лебізі

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болып өткен мектеп түлектерінің ашық есік күні өлі жадымда. Еңсесі биік Студенттер сарайы балауса жастардың болашаққа деген нық сенімдері мен сезімдерінің куәсіне айналғандай. Мұнда ғылым, білімге өмірлерін сарп еткен ақ шашты ғалым ата, апаларымыз, оқытушылар, студенттер де бас қосып, жас өркендерге жөндерін сілтеп, саналы кеңестер беруге талпынғандай.

ЖУРНАЛИСТ БОЛУ – АРМАНЫМ

Алғаш сөзді алған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры, профессор Т.Ә.Қожамқұлов ағаның талапкер жастарға білдірген жарқын сөздері, жылы көңілі де өлі жадымда.

Кездесуден қайтарда іштей түйген ойым бойтұмардай санамда сақталып қалды. Ол - жиылған жастардың пікірі де, мақсаты да бір жерден шыққаны. Ол – бәрінің де білім алсам, өнер игерсем, маман болсам, еліме керек адам болып жетілсем деген ізгі ойы еді.

Қазір мен мектепті үздік бітірдім. Сол алға қойған мақсатым жетелеп университетке тағы

өкелді. Өйткені менің болашақтағы арным – көсемсөздің көсемі болар, ел-журтының жоғын жоқтап, мұңын шағар журналист болу. Қазіргі заманда бұқаралық ақпарат құралдарының өте маңыздылығын да, оның қоғам өміріндегі ерекше өзектілігін де мен сезіндім. Ақпараттар ғасырында әрбір маңызды оқиғаның басы-қасында болып, репортаждар жазу, көрнекті саяси тұлғалардан, өнер жұлдыздарынан интервью алу. Мінеки, мен армандаған, алға қойған мақсаттар осылар.

Әсел ЖАНДАРТЕГІ,
Алматы қаласы

● **Внимание: конкурс!**

"КазНУ – моя путевка в жизнь!"

В преддверии 70-летия Казахский национальный университет имени аль-Фараби и профсоюз "Парасат" объявляют открытый конкурс среди всех видов средств массовой информации на лучшее освещение событий, связанных с предстоящим юбилеем.

Цель конкурса


Цель конкурса – активизировать участие СМИ в освещении научной, образовательной и культурной деятельности университета, содействовать появлению в печатных и электронных СМИ материалов, раскрывающих историю и современный облик университета и посвященных празднованию 70-летия ведущего вуза страны.

Участники конкурса

Участниками конкурса могут стать республиканские, городские и региональные средства массовой информации и журналисты, опубликовавшие в печатных и он-лайн изданиях или выступившие в теле- и радиозфир материалы о КазНУ, его историческом и культурном наследии, научных достижениях, а также современной деятельности университета и его перспективах.

Номинации конкурса

■ "Лучшая журналистская работа, посвященная 70-летию КазНУ".



- 1-е место – 1000 долл.
- 2-е место – 2 премии по 500 долл.
- 3-е место – 3 премии по 300 долл.

■ "За верность теме" – 5 путевок в спортивно-оздоровительный лагерь КазНУ на озере Иссык-куль.

Сроки проведения конкурса. На конкурс принимаются материалы, опубликованные в период с 1 июля 2003 года до 1 июня 2004 года. Материалы, представляемые на конкурс, должны быть опубликованы в печатных или он-лайн изданиях, проити в теле- и радиозфире.

Конкурс проводится в один тур без предварительного отбора. Победители конкурса будут награждены дипломами и денежными премиями.

Конкурсные работы высылать по адресу: Алматы, пр. аль-Фараби, 71, ректорат, к. 1104 (пресс-служба).
Тел./факс: 470-567. E-mail: presskasnu@mail.ru

Пресс-служба КазНУ им. аль-Фараби

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

- Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
- Н. ҚМАШҰЛЫ - проректор;
- Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
- Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;
- М.Т. МҰҚАШЕВА - "Парасат" кәсіподағының төрайымы;
- Л. ҚАЙЫПОВА - студенттердің "Сұңқар" кәсіподағының төрайымы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

- Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;
- Бас редактордың орынбасары - Нәйла Садықова;
- Жауапты хатшы - Дарига Амангельдиева;
- Теруші - Айтгүл Бабасова;
- Көркемдеуші - беттеуші - Айдын Әбдібекұлы;
- Фототіліші - МАМЫРЖАН.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеді, "Полиграфсервис" баспаханасында (Жандосов көмесі - 55) 24.06.2003 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 3000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. № 354 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен колжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

"Қазақ университетіне" жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.



МАМЫРЖАННЫҢ ФОТОСЫ

Динара БЕЙСАЛИЕВА, экономика және бизнес факультетінің 1 курс студенті

*Мырза шуақ таң қымтаған,
Бейнеңде бар нағыз көрік.
Шығыс қызы, қалдым саған,
Бір Самарқанд қарыз болып.*

Б.ТӨРЕБЕКҰЛЫ